'-후에, -다음에'

<u>Сәлден соң</u> күйеу жігіт пен қалыңдық кіреді.

잠시 후에 신랑과 신부가 들어올 거야.

сәл (조금) + ден ∨ соң

<문장 ∨ туралы>

'-에 대해(서)'

Бұл *<u>туралы</u>* бұрын естіменппін.

이것에 대해 예전에 못 들어봤어.

Бұл ∨ туралы

<명사/형용사 + -лы/-лі/-ды/-ді/-ты/-ті>

'(형용사 의미) -이/가 있는'

Тойда *<u>қызықты</u>* нәрсе көп бола ма?

예식에 재미있는 것이 많을까?

Қызық(재미있는) + ты

대화문

Гүлнар: Сәлем, Джин У! *Қазақстанда үйлену тойына бірінші рет келіп тұрсың ба*?

Джин У: Сәлем! Иә, бұрын барып көрмеппін.

Гүлнар: Жүр, орнымызға отырайық. *Сәлден соң күйеу жігіт пен қалыңдық кіреді*.

Джин У: Мен әлі күйеу жігітті көрмедім. Сен көрдің бе?

Гүлнар: Өткенде ұзату тойында бірінші рет көрдім.

Джин У: Ұзату той деген не?

Гүлнар: Қалыңдықты өз үйінен күйеу жігіттің үйіне шығарып салу тойы.

Джин У: *Бұл туралы бұрын естімеппін*. Қазір күйеу жігіт пен қалыңдық кірген соң, анау төрдегі үстелге отыра ма?

Гүлнар: Иә, бірақ отырудан бұрын қалыңдықтың бетін ашады.

Джин У: Ондай дәстүр де бар ма?

Гүлнар: Қалыңдыққа күйеу жігіттің отбасын, туыстарын таныстырады. Танысып болған соң, жиналған қонақтарға қалыңдықтың жүзін көрсетеді.

Джин У: *Тойда қызықты нәрсе көп бола ма*?

Гүлнар: Иә, қонақтардың бәрі құттықтау сөз айтады. Сен де тост айтуға дайындалып отыр.

Гүлнар: 진우야, 안녕! 카자흐스탄에서 결혼식에 처음 온거야?

Джин У: 안녕! 응, 예전에 와 본적 없었어.

Гүлнар: 가자, 자리에 앉자. 잠시 후에 신랑과 신부가 들어올 거야.

Джин У: 나 아직 신랑을 못 봤어. 너는 봤니?

Гүлнар: 지난번에 우자투 토이에서 처음 봤어.

Джин У: 우자투 토이는 뭐야?

Гүлнар: 신부를 신부 집에서부터 신랑 집으로 데려갈 때 마중하러 가는 예식이야.

Джин У: 이 예식에 대해 못들어봤어.
지금 신랑과 신부가 들어온 다음에 저 자리에 있는 탁자에 앉는거야?

Гүлнар: 응, 그렇지만 앉기 전에 신부의 얼굴을 공개할 거야.

Джин У: 그런 전통도 있어?

Гүлнар: 신부에게 신랑의 가족과 친척들을 소개시켜주는거야.
인사한 후 신부는 모인 손님들에게 얼굴을 보여줘.

Джин У: 예식에 재미있는 것이 많이 있을까?

Гүлнар: 응, 손님 전부가 축하의 말을 할 거야. 너도 건배사를 준비해.

대화문 어휘

Үйлену	결혼하다, 장가가다	Есту	듣다	Таныстыру	소개시키다
Той	잔치, 예식	Туралы	~대해서	Танысу	(서로) 알게 되다
Бірінші	첫번째	Кіру	들어오다	Жиналу	모이다
Рет	번, 차례, 순서	Анау	저것	Қонақ	손님
Орын	자리	Төр	상석	Жүз	얼굴
Сәл	조금, 약간	Бет	얼굴	Қызықты	재미있는
Күйеу жігіт	신랑	Ашу	열다	Нәрсе	물건, 것
Қалыңдық	신부	Ондай	그런	Бәрі	(~의) 전부
Әлі	아직	Дәстүр	전통	Тост	건배사
Өткенде	지난 번에	Отбасы	가족	Дайындау	준비하다
Шығарып салу	마중하다	Туыстар	친척		

▶▶ <숫자 + -ЫНШЫ/-ІНШІ/-НШЫ/-НШІ>

: '-번째'의 의미로, 서수를 만드는 방법이다.

기수	서수	기수	서수
1/ Бір	Бірінші	6/ Алты	Алтыншы
2/ Екі	Екінші	7/ Жеті	Жетінші
3/ Үш	Үшінші	8/ Сегіз	Сегізінші
4/ Төрт	Төртінші	9/ Тоғыз	Тоғызыншы
5/ Бес	Бесінші	10/ Он	Онынышы

예1> Бірінші курс студенттеріне сабақ беремін. (나는) 1학년 학생들에게 수업한다.

예2> Қорғаушы болу үшін емтиханды үшінші рет тапсырдым.
변호사가 되기 위해 시험을 세번 치렀다.

예3> Жұмабекпен төртінші кездескенде оның өмірі туралы қызық әңгіме естідім.
주마벡과 네번째 만났을 때 그의 삶에 대한 재미있는 이야기를 들었다.

예4> Мектептің 10-сынып оқушылары жаңа оқулықтарды сатып алулары керек.
10학년 학생들은 새로운 교과서를 사야 한다.

▶▶ ▶▶ <명사/동사/부사 + 탈격 조사 ∨ СОҢ>

: '-후에, '-다음에'의 의미로, 비슷한 표현으로는 <탈격조사 ∨ КЕЙІН>이 있다.

예1> Айнұр кітапты оқып шыққан соң, сол кітапты жазған жазушы сияқты болғысы келді.
아이누르는 책을 읽고 난 후, 그 책을 쓴 작가처럼 되고 싶었다.

예2> Жарты сағаттан соң жиналыс басталады. 30분 후에 회의가 시작된다.

예3> Арман Алматыға барғаннан кейін достарына хабарласты.
아르만은 알마티에 간 후에 친구들에게 연락했다.

예4> Мен бүгін сабақтан кейін кино көруге баратын шығармын.
나는 오늘 수업 후에 영화를 보러 갈 것이다.

▶▶ <문장 ∨ ТУРАЛЫ>

: '-에 대해서'의 의미로, 비슷한 표현으로는 <문장 ∨ ЖАЙЛЫ>이 있다.

예1> Айсұлу пәтер сатып алу туралы ойлап жүр.
아이술루는 아파트를 사는 것에 대해 생각하고 있다.

예2> Бұл ақпарат туралы қайдан естідіңіз? 이 정보에 대해 어디서 들었어?

예3> Мен осы автор жайлы мақала жаздым. 나는 이 작가에 대해 기사를 썼다.

예4> Жаңа шыққан кино жайлы не білесіз? 새로 나온 영화에 대해 무엇을 아세요?

▶▶ <명사/형용사 + -ЛЫ/-ЛІ/-ДЫ/-ДІ/-ТЫ/-ТІ>

: '-이/가 있는' 의미로, 아래 규칙에 따라 명사/형용사의 끝소리에 맞게 붙여 만든다.

끝소리	강모음 / 약모음
모음, й, р, у	лы/лі
л, м, н, ң, з, ж	ды/ді
무성음, б, в, г, ғ, д	ты/ті

Дәм	맛	Дәмді	맛이 있는
Тау	산	Таулы	산이 있는
Күш	힘	Күшті	힘이 있는, 센
Шыдам	인내	Шыдамды	인내심 있는
Сапа	질	Сапалы	질 좋은
Білім	지식	Білімді	지식이 있는
Бақыт	행복	Бақытты	행복이 있는
Табыс	업적 이익	Табысты	업적이 있는 이익이 있는
Байланыс	관계	Байланысты	관계가 있는
Белгі	표시	Белгілі	표시가 있는 분명한

예1> Жомарт қай жерде болса да, дәмді тағамды іздеп жүреді.
조마르트는 어디에 있든 맛있는 음식을 찾아 다닌다.

예2> Астанада тұру үшін суыққа шыдамды болу керек.
아스타나에서 살기 위해서는 추위를 잘 견뎌야 한다.

읽기

Қазақ халқының тойлары

Көшпенділердің өмірі табиғатпен, мезгіл өзгерісімен тығыз байланысты. Сол себепті әр мезгілдің өзіне арналған тойы болған.

Наурыз мейрамы – күн мен түн теңелген кезде атап өтіледі. Бұл - мал төлдеп, жерге көк шөп шығып, табиғат жаңаратын кез. «Наурыз» сөзі «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан Наурызды «жаңа жылдың бастауы» деп те атайды.

Қымызмұрындық – мамыр айынан бастап маусым айына дейін созылатын үлкен той. Туыстар бір-бірін қымыз ішуге шақырады.

Соғым басы – алғашқы қар жауып, аяз түскен кезде басталады. Ауыл адамдары соғымға сақтаған малдарын сойып, бірі – бірін қонаққа шақырады. Қыстың суық күнінде киіз үйде отырып, ән айтып, көңіл көтереді.

Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/44787/

카자흐 민족의 잔치

유목민의 삶은 자연, 계절의 변화와 밀접한 관계에 있습니다. 이러한 이유로 각각의 계절에 맞는 잔치가 있었습니다.

나우르즈 축제 – 낮과 밤이 같아지는 시기에 기념되었습니다. 이 날에는 가축이 태어나고, 땅에서 풀이 자라나며, 자연이 새로워지는 시기입니다. «나우르즈»라는 단어는 «새로운 날»이라는 뜻을 나타냅니다. 그러므로, 나우르즈를 «새로운 날의 시작»이라고도 부릅니다.

크므즈무른득 - 5월부터 시작하여 6월까지 이어지는 큰 잔치입니다. 친척들은 서로 크므즈(마유주)를 마시러 오라고 초대합니다.

소금 바스 – 첫눈이 내리고, 추위가 찾아오는 시기에 시작됩니다. 시골 사람들은 소금(겨울을 위해 저장해 놓은 고기)으로 보관해둔 고기를 꺼내 서로를 집으로 초대합니다. 겨울의 추운 날 키이즈 우이(카자흐 유목 천막)에 앉아 노래를 하며 즐거운 시간을 보냈습니다.

읽기 어휘

Қазақ халқы	카자흐 민족	Күн	낮	Созылу	길어지다, 늘어지다
Көшпенділер	유목민	Түн	밤	Бір-бірін	서로를
Өмір	삶	Теңелу	같게 되다	Шақыру	초대하다
Табиғат	자연	Атап өтілу	기념되다	Алғашқы	최초의
Мезгіл	계절	Мал	가축	Жауу	내리다
Өзгеріс	변화	Төлдеу	(가축이) 태어나다	Аяз	영하, 추위
Тығыз	밀접한	Шөп	풀	Түсу	때가 되다
Байланысты	관계가 있는	Шығу	발아하다, 나가다	Сақтау	지키다, 보존하다
Сол себепті	그러한 이유로	Әлем	세상, 세계	Сою	가축을 도살하다, 잡다
Әр	모든, 각각의	Жаңарту	새롭게 하다	Көңіл көтеру	기분을 좋게 하다,
Арналған	~위한	Мереке	명절, 축제, 잔치		기분 전환하다

읽기 연습문제

다음 문장 중 위 글의 내용과 같으면 (O), 다르면 (X) 를 표시해주세요.

1 Көшпенділер жылдың әр мезгілге арналған тойын жасаған, өйткені олардың өмірі табиғатпен тығыз байланысты болған. ( )

유목민들은 계절에 따라 잔치를 했는데, 그들의 삶이 자연과 밀접하게 연관되어 있었기 때문이다.

2 Наурыз - малдың төлдегенін атап өтуге арналған мейрам. ( )

나우르즈는 가축이 태어나는 것을 기념하기 위한 축제이다.

3 Қымызмұрындық бір айдай созылатын қымыз ішуге арналған той. ( )

크므즈무른득은 한 달가량 이어지는 크므즈를 마시기 위한 잔치이다.

4 Соғым басы - қыстың аязды күндерінде киіз үйде отырып, жаңа жылмен құттықтауға арналған той. ( )

소금 바스는 겨울철 추운 날에 키이즈 우이에 앉아 새해를 축하했던 잔치이다.

듣기 연습문제

녹음을 들으면서 대화문을 완성해 봅시다.

Гүлнар: Сәлем, Джин У! Қазақстанда үйлену тойына _____ рет келіп тұрсың ба?

Джин У: Сәлем! Иә, бұрын барып көрмеппін.

Гүлнар: Жүр, орнымызға _____. Сәлден соң күйеу жігіт пен қалыңдық кіреді.

Джин У: Мен әлі күйеу жігітті көрмедім. Сен _____ бе?

Гүлнар: Өткенде _____ тойында бірінші рет көрдім.

Джин У: Ұзату той деген не?

Гүлнар: Қалыңдықты өз үйінен күйеу жігіттің үйіне _____ _____ тойы.

Джин У: Бұл _____ бұрын естімеппін.

Қазір күйеу жігіт пен қалыңдық кірген _____, анау төрдегі үстелге отыра ма?

Гүлнар: Иә, бірақ отырудан бұрын қалыңдықтың _____ ашады.

Джин У: Ондай дәстүр де бар ма?

Гүлнар: _____ күйеу жігіттің отбасын, туыстарын таныстырады. Танысып болған соң _____ қонақтарға қалыңдықтың жүзін көрсетеді.

Джин У: Тойда _____ нәрсе көп бола ма?

Гүлнар: Иә, қонақтардың бәрі _____ _____ айтады. Сен де _____ айтуға дайындалып отыр.

말하기 연습문제

<보기>에 있는 단어를 활용하여 친구의 생일에 축하의 말을 전해보세요.

보기

Бақытты болсын!행복하기를!
Табысты болсын!성공하기를!
Денсаулығың мықты болсын!건강하기를!
Өмірің ұзақ болсын!장수하기를!
Қуанышты күндер көп болсын!기쁜 날들이 많기를!
Ақ мол болсын!풍성해지기를!
Сәттілік тілеймін.행운을 빕니다.
Арманыңа жетуіңе тілектесемін.소망이 이뤄지기를 빕니다.

1. Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймын!

_____

_____

2. Туған күніңіз құтты болсын!

_____

쓰기 연습문제

1. 괄호 안의 형용사를 활용하여 <보기>와 같이 문장을 완성해보세요.

보기

Ол ойлағандай *(білім)* білімді емес.

1) ***(Бақыт)*** _____ болу үшін денсаулық мықты болу керек.
2) Жұмыста ***(табыс)*** _____ болу бақытты өмір сүруден маңызды ма?
3) ***(Тау)*** _____ жерлерде жиі өрт шығады.
4) ***(Белгі)*** _____ бір уақытта кездесерміз.

2. <보기>의 단어를 활용하여 문장을 완성하세요.

보기

алғашқы, өзгерістерді, үйлену, тост

1) Қолым бос болмай, оның _____ тойына бара алмадым.
2) Ол түзеткен құжаттарда ешқандай _____ таба алмадық.
3) Әр адамның _____ махаббаты бар.
4) Ол досымыздың тойында _____ айтып жылап қалды.

3. 아래 단어를 배열하여 올바른 문장을 만드세요.

1) саған, осы, жағдайдан, хабарласамын, соң

_____

2) күтеміз, жұмыстан, сізді, алаңда, соң

_____

3) сағат, кейін, кешкі, жемеймін, тамақты, жетіден

_____

쓰기 연습문제

4. 아래 문장을 한국어로 번역하세요.

1) Кеше көшпенді халықтың жаңа жылы туралы жиналыс болды.

_____

2) Ол қазақтың дәстүрлі тойы туралы сұрады.

_____

3) Бұл ақпарат жайлы кімнен сұрасам болады?

_____

5. 괄호 안의 숫자를 서수로 만드세요.

1) Мен Қазақстанға ***(бір)*** _____ рет қонаққа бардым.

2) Біз ***(он бес)*** _____ қатардың ***(екі)*** _____ орнында отырамыз.

3) Ол биылдың өзінде Алматыға ***(төрт)*** _____ рет келген.

4) 2018 жылы 12 тамызда Ақтауда ***(бес)*** _____ Каспий саммиті өтті.

문화 들여다보기

Тұсаукесер

사진 출처: https://kazgazeta.kz

Қазақ халқының көптеген салт-дәстүрі бала тәрбиесіне байланысты. Соның ішіндегі ең әдемісі және ерекшесі – баланың тұсауын кесу. Бала бесіктен белі шығып, еңбектеу кезеңінен өткен соң, аяғын қаз-қаз баса бастайды. Осы кезде қазақтар болашағына ақ жол тілеп, «жығылмай тез жүріп кетсін, жолы ашық болсын» деген ниетпен тұсаукесер тойын өткізеді.

Халықтың түсінігі бойынша тұсауы кесілмеген бала сүріншек болады. Сондықтан әр қазақ отбасында тұсаукесер рәсімі ерекше дайындықпен міндетті түрде аталып өтеді.

Тұсау кесу үшін ақ жіп пен қара жіптің екеуін айқастыра отырып есіп, ала жіп дайындайды. «Ешкімнің ала жібін аттамасын, адал болсын» деген ниетпен жасайды. Ақ пен қара түс өмірде өмір мен өлім, жарық пен қараңғы, жақсылық пен жамандық, ыстық пен суық секілді барлығы қос-қостан келіп, олардың қатар жүретінін білдіреді. Баланың тұсауын кейде тоқ ішекпен немесе көк шөппен кестірген. Малдың тоқ ішегімен кесуі бала бай, дәулетті азамат болсын деген ырымға сай болса, көк шөппен кесуі шөп сияқты көгеріп, көбейіп, көктесін, ұрпақты болсын дегенді білдіреді.

Қазақтар тұсау кесуді кез келген адамға, соның ішінде жайбасар, сүріншек адамға кестірмейді. Бұл маңызды қадам үшін ел ішінде сыйлы, елгезек, еңбекқор, іске епті адам таңдалады. Ала жіпті әдетте пышақпен ақ тілегі мен батасын айта отырып кеседі, одан кейін тұсауы кесілген баланы жайылған ақ мата үстінде немесе кілемде қолынан жетектеп жүргізіп шығады, кейін шашу шашады. Ал баланың ата-анасы тұсау кесушіге арнайы «тұсау кесер» сыйлығын береді. Кейбір жерлерде кілемнің үстіне кітап, қамшы, аспап секілді түрлі заттар қойып, балаға таңдатады. Бала қайсысын таңдаса, сол салаға бет бұрады деп есептейді.

기타 관련 어휘

Үйлену той	남자측 결혼식	Сыйлық	선물	Сыйыну, тілеу	기원하다
Қыз ұзату той	여자측 결혼식	Жерлеу, мәйітті шығару	장례식	Жерлеу рәсімін өткізу	장례를 치르다
Тойлық	축의금	Бата	부의금	Кіру	입장하다
Қыз жолдас	신부 들러리	Марқұм	고인	Амандасу	인사하다
Жігіт жолдас	신랑 들러리	Құттықтау	축하하다	Таныстыру	소개하다
Той қонақтары	하객	Атап өту	기념하다	Рөмке қағыстыру	건배하다
Таныс	지인	Шақыру	초대하다	Бөліп жеу	나눠 먹다
Бал айы саяхаты	신혼여행	Сәттілік тілеу	행운을 빌어주다	(Сыйлық) сыйлау	선물하다
Туған күн	생일	Жұбату	위로하다		

САБАҚ

06

СІЗГЕ ҚАНДАЙ ГҮЛ ҰНАЙДЫ?

어떤 꽃을 좋아하세요?

학습목표

1. 식물과 꽃에 관한 이야기를 나눌 수 있다.
2. 명사를 활용하여 장소를 나타내는 단어를 만들 수 있다.
3. '최소한'의 의미를 나타내는 표현을 사용할 수 있다.
4. 꽃말에 관한 텍스트를 이해하고, 관련 어휘를 활용할 수 있다.

핵심구문 익히기

<명사 + хана>

'-하는 장소'

Ертең *жатақханаға* барып құттықтаймын.

내일 기숙사에 가서 축하할 거야.

Жатақ(거주지, 기숙하는 곳) + хана

<명사 + -ға/-ге/-қа/-ке/-на/-не/-а/-е ∨ сәйкес>

'-에 맞게, -에 상응하여'

Мезгілге сәйкес қызғалдақ бергеніміз дұрыс шығар.

계절에 맞게 튤립을 주는 게 나을 것 같아.

Мезгіл(계절) + ге ∨ сәйкес

<Кез келген>

'아무, 그 어떤, 모든'

Кез келген гүлді сатып алайын ба?

아무 꽃이나 사올까?

Кез келген ∨ гүл(꽃)

<Кем дегенде>

'최소한, 적어도'

Кем дегенде 10-15 тал сатып ал.

적어도 10-15 송이는 사와.

Кем дегенде ∨ 10-15 тал(10-15 송이)

대화문

Жібек: Бекжан, ертең Әсемнің туған күні екенін білесің бе?

Бекжан: Иә, *ертең жатақханаға барып құттықтаймын*.

Жібек: Онда жолдан гүл ала келші.

Бекжан: Қандай гүл алайын? *Кез келген гүл ме*?

Жібек: Қызғылт немесе ақ түсті раушан гүлін сыйлайық.

Бекжан: Қазір көктем ғой.

Мезгілге сәйкес қызғалдақ бергеніміз дұрыс шығар.

Жібек: Онда қызғалдақ сыйлайық.

Кем дегенде 10-15 тал сатып ал, жарай ма?

Бекжан: Жақсы. Жібек, ал саған қандай гүл ұнайды?

Жібек: Маған гүлдердің ішінде түймедақ ұнайды.

Бекжан: Не себепті ұнайды?

Жібек: Түймедақ гүлі «үміт» деген мағынаны білдіреді. Иісі де жағымды.

Бекжан: Гүлдерді жақсы көретін сияқтысың ғой?

Жібек: Иә, үйде өсірген гүлдерім көп.

Алоэ, кактус, «доллар ағашы» - бәрі бар.

Жібек: 벡잔, 내일 아쎔 생일인 거 알아?

Бекжан: 응, 내일 기숙사에 가서 축하할 거야.

Жібек: 그럼 오는 길에 꽃 좀 사다줄래.

Бекжан: 어떤 꽃을 살까? 아무 꽃이나 사갈까?

Жібек: 분홍 색이나 흰색 장미꽃을 선물하자.

Бекжан: 지금은 봄이잖아. 계절에 맞게 튤립을 주는 게 나을 것 같아.

Жібек: 그럼 튤립을 선물하자. 적어도 10-15 송이는 사와, 알겠지?

Бекжан: 알았어. 즈벡, 너는 어떤 꽃을 좋아해?

Жібек: 난 꽃 중에서 국화꽃을 좋아해

Бекжан: 좋아하는 이유가 있어?

Жібек: 국화꽃은 '희망'이라는 의미를 나타내. 향도 좋고.

Бекжан: 꽃을 좋아하는 것 같네?

Жібек: 응, 집에서 키우는 꽃이 많아. 알로에, 선인장, 금전수 - 다 있어.

대화문 어휘

Туған күн	생일	Көктем	봄	Себеп	이유
Жатақхана	기숙사	Мезгіл	계절	Үміт	희망
Құттықтау	축하하다	Сәйкес	~에 맞게, ~에 상응하여	Мағына	의미
Гүл	꽃	Қызғалдақ	튤립	Иіс (хош иіс)	향기, 향
Қандай	어떤	Дұрыс	옳은, 옳다	Жағымды	마음에 드는, 좋은
Қызғылт	분홍색	Кем дегенде	최소한, 적어도	Өсіру	키우다
Ақ	흰색	Тал	송이	Алоэ	알로에
Раушан гүлі	장미꽃	Жарай ма?	알겠어? 알았지?	Кактус	선인장
Сыйлау	선물하다	Ішінде	~의 안에(중에)	Доллар ағашы	금전수(돈나무)
Қазір	지금	Түймедақ	국화꽃	Бәрі	전부

<명사 + ХАНА>

: 명사와 관련된 장소를 뜻하는 새로운 단어가 된다.

Жатақ (거주지, 기숙하는 곳)	+ хана	Жатақхана (기숙사)
Дәрі (약)		Дәріхана (약국)
Кітап (책)		Кітапхана (도서관)
Ас (음식)		Асхана (식당)
Дәріс (강의)		Дәрісхана (강의실)

예1> Басқа қаладан келген студенттер жатақханада тұрады. 다른 도시에서 온 학생들은 기숙사에 산다.

예2> Дәріханада мен іздеген дәрі жоқ екен. 약국에 제가 찾는 약이 없네요.

예3> Кітапты қайтару үшін кітапханаға барамын. (나는) 책을 반납하러 도서관에 간다.

예4> Түскі ас кезінде асханада адам көп болды. 점심 때 식당에 사람이 많았다.

<명사 + 여격 ∨ СӘЙКЕС>

: '-에 맞게, -에 상응하여, -에 따라'의 의미로, 여격을 사용한다.

예1> Олар заңға сәйкес айыппұл төледі. 그들은 법에 따라 벌금을 냈다.

예2> Оның ісі сөзіне сәйкес келмейді. 그의 행동은 (그의) 말과 맞지 않는다.

예3> Үлгідегі сөздердің арасынан сұраққа сәйкес жауапты көрсетіңіз.

보기에 있는 단어들 중에서 질문에 맞는 답을 표시하세요.

예4> Оның жазған мәтіні тақырыпқа сәйкес келмейді.

그가 쓴 글은 주제에 맞지 않는다.

<КЕЗ КЕЛГЕН>

: '아무, 그 어떤, 모든'의 의미로, '많은 것 중 아무거나'를 나타낸다.

예1> Бұл тауарды кез келген дүкеннен сатып алуға болады. 이 제품은 모든 가게에서 살 수 있다.

예2> Бұл іс-шараға кез келген адам қатыса алады. 이 행사에 누구나 참여할 수 있다.

예3> Қайырымдылық жасау кез келген адамның қолынан келмейді.

봉사는 아무나 할 수 있는 일이 아니다.

예4> Мына кітаптардың ішінен кез келгенін таңдап алыңыз. 이 책들 중에서 아무거나 고르세요.

<КЕМ ДЕГЕНДЕ>

: '최소한, 적어도' 의미로, 일정한 조건에서 더 이상 줄이기 어려운 가장 작은 한도를 표현할 때 사용한다.

예1> Таңертең жұмысқа бару үшін кем дегенде отыз минут кетеді.

아침에 출근하려면 최소 30분이 걸린다.

예2> Өртенген орманның қалпына келуіне кем дегенде елу жыл керек.

불에 탄 숲이 회복되려면 최소 50년은 필요하다.

예3> Осы жолы жарыстан кем дегенде үшінші орын алуымыз керек.

(우리가) 이번 대회에서 최소 3등은 해야 한다.

예4> Сайлауда кем дегенде халықтың 70%-ы дауыс берді.

선거에 적어도 70%의 국민이 투표했다.

읽기

Гүлдердің мағынасын білесіз бе?

Біз әдетте гүл сыйлағанда мағынасына мән бермейміз. Гүлдердің арасынан әдемі көрінетінін таңдаймыз. Әлдекімге гүл сыйлағанда гүлдің мағынасына да көңіл бөлсек, сыйлығымыз мағыналы бола түседі. Ендеше, кейбір гүлдердің мағынасына тоқтала кетейік.

- **қалампыр** - қызыл түсті қалампыр - махаббат пен құрмет,
  ал сары түсті қалампыр - бас тартуды білдіреді
- **лалагүлі** - кіршіксіз махабатты білдіреді
- **нәркес гүлі** - адалдықтың белгісі
- **бәйшешек** - алдағы уақытта жақсылық болады деген сенімді білдіреді
- **сары раушан** - сағыныштың нышаны
- **мамыргүл** - жауапсыз махаббатты білдіреді

꽃말을 알고 계신가요?

우리는 보통 꽃을 선물할 때 그 의미에 대해서는 중요성을 부여하지 않습니다. 그저 꽃들 중에서 예뻐 보이는 꽃을 고릅니다. 누군가에게 꽃을 선물할 때 꽃말에도 신경을 쓴다면, 우리의 선물은 의미 있는 것이 될 것입니다. 그럼 몇 가지 꽃말들에 대해 살펴볼까요?

- **카네이션** - 빨간 카네이션은 사랑과 존경을 의미하는데, 노란 카네이션은 거절을 의미한다.
- **백합** - 순수한 사랑을 의미한다.
- **수선화** - 일편단심을 의미한다.
- **설강화** - 앞으로 좋은 일이 생길 것이라는 믿음을 의미한다.
- **노란 장미** - 그리움의 상징이다.
- **라일락** - 짝사랑을 의미한다.

읽기 어휘

Гүл	꽃	Сыйлық	선물	Лала гүлі	백합
Мағына	의미	Мағыналы	의미 있는	Кіршіксіз	순수한, 순수하다
Әдетте	보통, 일반적으로	Ендеше	그럼, 그렇다면	Нәркес гүлі	수선화
Сыйлау	선물하다	Кейбір	어떤, 일부의	Адалдық	일편단심, 의리
Мән беру	중요성을 부여하다	Тоқталу	멈추다	Бәйшешек	설강화(스노우드롭)
~арасынан	~가운데, ~중에서	Қалампыр	카네이션	Алдағы уақытта	앞으로
Әдемі	예쁜, 예쁘다	Махаббат	사랑	Жақсылық	좋은 일
Көріну	보이다	Құрмет	존경	Сенім	믿음
Таңдау	고르다, 선택하다	Түсті	색깔이 있는	Сағыныш	그리움
Әлдекім	누군가	Бас тарту	거절하다	Нышан	상징
Көңіл бөлу	신경을 쓰다	Білдіру	나타내다, 의미하다	Мамыргүл	라일락
				Жауапсыз махаббат	짝사랑

읽기 연습문제

다음 문장 중 위 글의 내용과 같으면 (O), 다르면 (X) 를 표시해주세요.

1 Сары түсті қалампыр құрметті білдіреді. ( )

노란 카네이션은 존경을 의미한다.

2 Лала гүлі адалдықты білдіреді. ( )

백합은 일편단심을 의미한다.

3 Сары раушан бас тартуды білдіреді. ( )

노란 장미는 거절을 의미한다.

4 Мамыргүл жауапсыз махаббатты білдіреді. ( )

라일락은 짝사랑을 의미한다.

듣기 연습문제

녹음을 들으면서 대화문을 완성해 болсыз.

Жібек: Бекжан, ертең Әсемнің _____ _____ екенін білесің бе?

Бекжан: Иә, ертең _____ барып құттықтаймын.

Жібек: Онда жолдан _____ ала келші.

Бекжан: Қандай гүл алайын? _____ _____ гүл ме?

Жібек: Қызғылт немесе ақ түсті _____ гүлін сыйлайық.

Бекжан: Қазір _____ ғой.

Мезгілге сәйкес _____ бергеніміз дұрыс шығар.

Жібек: Онда қызғалдақ сыйлайық.

_____ _____ 10-15 тал сатып ал, жарай ма?

Бекжан: Жақсы. Жібек, ал саған _____ _____ ұнайды?

Жібек: Маған гүлдердің _____ түймедақ ұнайды.

Бекжан: Не _____ ұнайды?

Жібек: Түймедақ гүлі «_____» деген мағынаны білдіреді.

_____ де жағымды.

Бекжан: _____ жақсы көретін сияқтысың ғой?

Жібек: Иә, үйде _____ гүлдерім көп.

Алоэ, кактус, «доллар ағашы» - бәрі бар.

말하기 연습문제

어떤 꽃을 좋아하세요? 좋아하는 꽃과 그 꽃말을 소개해보세요.

보기

Қалампыр 카네이션
Лала гүлі 백합
Нәркес гүлі 수선화
Бәйшешек 설강화
Раушан 장미
Мамыргүл 라일락
Гортензия 수국

Менің ең жақсы көретін гүлім - _____.

Гүлдің түсі - _____.

_____ гүлі _____ білдіреді.

Гүлдің маған ұнайтын себебі _____.

쓰기 연습문제

1. <예시>와 같이 괄호안의 명사를 장소를 나타내는 단어로 만들어보세요.

예시

Дала суық болғандықтан суық тигізгендер *(ауру)* ауруханаға барды.

1) Биыл ***(кітап)*** _____ екі жүзден астам кітап шығарды.

2) Ауырып қалғандықтан ***(ем)*** _____ бардым.

3) Олардың үйлену тойы үлкен ***(мейрам)***_____ өтті.

4) Емтиханға дайындалу үшін ***(баспа)***_____ бармақшымын.

2. <보기>의 단어를 활용하여 문장을 완성하세요.

보기

кез келген, асхананың, сәйкес, кем дегенде

1) Ережеге _____ бұл жерде шылым шегуге тыйым салынған.

2) _____ алдында кезекте тұрған адамдар көп болды.

3) Бұл жұмысты _____ адам істей алады.

4) Есепті аяқтау үшін _____ үш күн керек.

3. 아래 단어를 배열하여 올바른 문장을 만드세요.

1) құрылысын, сәйкес, келесі жылы, ғимарат, жоспарға, аяқтауымыз, керек.

_____

2) біз, кешкі, барамыз, ертең, тамақ, үшін, жеу, мейрамханаға

_____

3) бірден, кез келген, дейінгі, онға, бастап, айт, санды

_____

쓰기 연습문제

4. 아래 문장을 한국어로 번역하세요.

1) Ана сөмке кем дегенде елу мың теңге тұрады.

_____

2) Бұл компанияға жұмысқа тұру үшін кем дегенде бір шет тілін білу керек.

_____

3) Осы тақырып бойынша өз ойыңызды кем дегенде он бес сөйлеммен жазыңыз.

_____

5. 아래 문장이 설명하는 장소를 <보기>에서 찾아 괄호 안에 적어보세요.

보기 Дәрісхана / Асхана / Аурухана / Кітапхана
Мейрамхана/ Жатақхана/ Дәріхана

1) Бұл жердің тамағы дәмді. ( )

2) Басым ауырғандықтан дәрігерге қаралдым. ( )

3) Кітап оқитын жер болғандықтан, шулап және басқаларға кедергі жасауға болмайды. ( )

4) Студенттер дәріс тыңдау үшін жиналды. ( )

문화 들여다보기

Қорғалжын сәні – қоқиқаз

사진 출처: https://egemen.kz

Қазақстан жер көлемі бойынша әлемде 9-шы орынға ие. Ол Еуразия құрлығының қақ ортасында орналасып, Азия мен Еуропа сынды екі дүние бөлігін қатар қамтиды. Қазақстан аумағы орманды дала, дала, шөлейт, таулы деп аталатын табиғат зоналарынан тұрады. Сонымен қатар қызғылт қоқиқаздар ұшатын ең солтүстік бірегей мекен Қазақстанда орналасқан. Дәлірек айтсақ, олар Қорғалжын қорығында мекендейді.

«Қорғалжын» мемлекеттік табиғи қорығы Қазақстанда ерекше қорғалатын 10 шақты табиғи аумақтың ішіндегі ең үлкені саналады. Ол Астана қаласынан 150 шақырым жерде орналасқан. Қорғалжынның басты ерекшелігі - құстардың жаһандық миграция бағытының түйіскен жерінде орналасуы. Әлемде қоныс аударатын құстардың 8 жолы бар болса, олардың Африкаға, Үндістанға қарай кететін үшеуі осы қорықтағы Теңіз көлін басып өтеді. Құстардың ішіндегі ең әдемісі қызғылт қоқиқаз (фламинго) десек болады. Қоқиқаз көктемде Қорғалжын қорығында балапандарын дүниеге әкеліп, күзге дейін қанаттарын қатайтады. Күзде Иран, Ауғанстан, Пәкістанға ұшып кетеді. Қызғылт қоқиқаздың дене түрқы жұмырланып келген, аяқтары мен мойыны ерекше ұзын, дүниежүзіндегі ең аяғы ұзын құстардың бірі. Тұмсығының қоқиып келген пішініне сәйкес «қоқиқаз» деп аталған. Жергілікті тұрғындар қоқиқазды «қызылқанат қаз» немесе «қызылқаз» деп те атайды. Ол 2010 жылы Қазақстанның Қызыл кітабына да, халықаралық табиғат қорғау одағының да Қызыл кітабына енгізілген.

Елімізде қызғылт қоқиқаздарды қорғау үшін 1968 жылы арнайы Қорғалжын мемлекеттік-табиғи қорығы және Торғай мемлекеттік- табиғи қорықшасы ұйымдастырылған. Қоқиқаздарды атуға мүлде тыйым салынған.

Қазіргі таңда Қорғалжын қорығы көктемде және күзде саны 15 миллионға дейін жететін құстардың бірегей мекені болғандықтан, ЮНЕСКО-ның ерекше қорғалатын табиғи қорықтар тізіміне енгізілген.

기타 관련 어휘

Топырақ	땅	Су сепкіш	물 뿌리개	Өрмекші	거미
Тұқым	씨앗	Күрек	삽	Өрмек	거미줄
Тамыр	뿌리	Сабақ	줄기	Ханқызы	무당벌레
Өсімдік	식물	Сыпырғыш	빗자루	Отырғызу	심다
Шөп	풀	Құрт	지렁이	Суару	물주다
Жапырақ	낙엽	Ұлу	달팽이	Шабу	(풀을) 베다
Бұта	덤불	Құмырсқа	개미	Жинау	모으다
Ағаш	나무	Қолғап	장갑	Гүлдеу	꽃이 피다
Гүл өсіретін құмыра	화분	Бұтақ	(나무의) 가지		

САБАҚ

07

ТАУАРДЫ ҚАЙТАРҒЫМ КЕЛЕДІ.

상품을 교환하고 싶어요.

학습목표

1. 주문 및 예약과 관련된 이야기를 나눌 수 있다.
2. '-(지) 않나요?'의 뜻을 나타내는 표현을 사용할 수 있다.
3. 유감을 나타내는 표현을 사용할 수 있다.
4. 전화 예절에 관한 텍스트를 이해하고, 전화 예약 시 사용하는 어휘를 활용할 수 있다.

핵심구문 익히기

<Өкінішке ∨ орай>

'안타깝지만', '유감스럽지만', '죄송하지만'

Өкінішке орай, жеңілдікпен сатып алған тауарды қайтара алмайсыз.

죄송하지만, 할인으로 구매하신 제품은 환불이 불가합니다.

<문장 ∨ емес ∨ пе?>

' –(지) 않나요?'

Он төрт күн ішінде қайтаруға болады *емес пе?*

14일 내에 환불이 가능하지 않나요?

Қайтаруға болады(환불이 되다) + емес + пе?

<Міндетті ∨ түрде>

'꼭', '반드시'

Тауарды қайтару үшін дүкенге *міндетті түрде* өзіңіз келуіңіз керек.

환불을 하려면 반드시 직접 가게로 오셔야 합니다.

<동사/명사 ∨ арқылы>

'-통해, '-로'

Карта *арқылы* төлеген болсаңыз, түбіртекті де ала келіңіз.

카드로 결제하셨다면, 영수증도 가져와 주세요.

명사/동사 ∨ арқылы

대화문

Динара: Алло, сәлеметсіз бе? Бұл «Сәнді» дүкені ме?

Қызметкер: Қайырлы күн! Иә, сізге қандай көмегім қажет?

Динара: Сіздердің интернет-дүкендеріңізден тапсырыс берген шалбардың өлшемі сәйкес келмеді.

Қызметкер: Басқа өлшемдегі шалбарға ауыстырғыңыз келеді ме?

Динара: Жоқ, тауарды қайтарғым келеді.

Қызметкер: *Өкінішке орай, жеңілдікпен сатып алған тауарды қайтара алмайсыз*.

Динара: *Он төрт күн ішінде қайтаруға болады емес пе*?

Жауапты қызметкермен сөйлесуге бола ма?

Қызметкер: Қазір «Клиенттерге қызмет көрсету орталығының» жауапты қызметкерінен сұрап көрейін.

Динара: Жақсы, күтейін.

(біраздан соң...)

Қызметкер: *Тауарды қайтару үшін дүкенге міндетті түрде өзіңіз келуіңіз керек. Карта арқылы төлеген болсаңыз*, түбіртекті де ала келіңіз.

Динара: 여보세요, 안녕하세요? 거기 'Sandi'라는 가게죠?

Қызметкер: 안녕하세요! 네, 맞습니다. 무엇을 도와드릴까요?

Динара: 가게 인터넷 쇼핑몰에서 주문한 바지 사이즈가 안 맞아서요.

Қызметкер: 다른 사이즈로 교환을 원하시나요?

Динара: 아니요, 환불하고 싶어요.

Қызметкер: 죄송하지만, 할인 상품은 환불이 불가합니다.

Динара: 14일 이내에 환불이 가능하지 않나요? 담당자와 이야기할 수 있을까요?

Қызметкер: 지금 고객 서비스센터 담당자에게 문의해볼게요.

Динара: 알겠습니다. 기다릴게요.

(잠시 후)

Қызметкер: 환불하시려면 반드시 직접 가게로 오셔야합니다.
카드로 결제하셨다면 영수증도 가져와 주세요.

대화문 어휘

Алло	여보세요	Қалау	원하다	Қызметкер	직원
Қайырлы күн	점심 인사	Тауар	제품, 상품	Желі	연결(상태)
Қандай	어떤	Қайтару	돌려주다,	Күту	기다리다
Көмек	도움	Өкінішке орай	안타깝게도, (유감스럽게도)	Үшін	~위해
Қажет	필요한, 필요하다	Жеңілдік	할인	Міндетті түрде	반드시
Интернет-дүкен	인터넷 상점	Сатып алу	사다, 구매하다	Өзі	직접
Тапсырыс беру	주문하다	Ішінде	~ 안에, ~내에	Карта	카드
Шалбар	바지	Емес	~(이/가) 아니다	Арқылы	~통해서
Өлшем	사이즈	Клиент	고객	Төлеу	결제하다
Сәйкес келмеу	안 맞다	Қызмет көрсету	서비스 센터	Түбіртек	영수증
Басқа	다른, 다르다	Орталық	센터	Ала келу	가져오다
Ауыстыру	교환하다	Жауапты	책임이 있는		

▶▶ <ӨКІНІШКЕ ОРАЙ/ҚАРАЙ>

: '안타깝지만(안타깝게도), '유감스럽지만(유감스럽게도)', '죄송하지만(죄송하게도)'의 의미로, 'Өкініш(유감)' 이라는 단어와 'орай' 혹은 'қарай'가 결합한 형태로, 주로 문장의 앞에 위치한다.

예1> **Өкінішке орай, басқа амал жоқ.** 안타깝지만 다른 방법이 없다.

예2> **Өкінішке орай, біздің тобымыз жеңіліп қалды.** 안타깝게도 우리 팀이 지고 말았다.

예3> **Өкінішке қарай, қазір осындай оқиғалар көбейіп барады.**
안타깝게도 이런 상황들이 많아지고 있다.

예4> **Өкінішке қарай, бұл дәстүр ұмытылып барады.** 안타깝게도 이런 풍습이 잊혀지고 있다.

▶▶ <문장 ∨ ЕМЕС ∨ ПЕ?>

: '-(지) 않나요?'의 의미로, 앞에 문장을 나열한 후 부정을 나타내는 'емес(아니다)'를 붙인다.

예1> **Ертең демалыс емес пе?** 내일 쉬는 날 아닌가요?

예2> **Аружанның асшаянға аллергиясы бар емес пе?** 아루잔은 새우 알레르기가 있지 않나요?

예3> **Арман Францияда оқыды емес пе?** 아르만은 프랑스에서 공부하지 않았나요?

예4> **Кеше құжаттарды алып кел деп айттым емес пе?** 어제 서류를 가져오라고 하지 않았니?

▶▶ <МІНДЕТТІ ∨ ТҮРДЕ>

: '꼭', '반드시'의 의미로, 여기서 'Міндетті'는 '의무가 있는'의 뜻이다.

예1> **Жеке куәлігіңізді міндетті түрде алып келіңіз.** 신분증을 꼭 가져오세요.

예2> **Күзде міндетті түрде дәрумендерді қабылдау керек.**
가을에는 반드시 비타민을 챙겨 먹어야 한다.

예3> **Анықтама алу үшін міндетті түрде тексеруден өту қажет.**
증명서를 받으려면 반드시 검사를 통과해야 한다.

예4> **Бурабай - Қазақстанға келген туристердің міндетті түрде баруы тиіс жер.**
부라바이는 카자흐스탄에 온 관광객들이 꼭 가봐야 하는 곳이다.

▶▶ <동사/명사 ∨ АРҚЫЛЫ>

: '-(을/를)통해, '-로'의 의미로 무언가를 이용하여 행동할 때 사용하는 표현이다.

예1> **Хатты пошта арқылы жібердім.** 편지를 우체국을 통해 보냈다.

예2> **Карта арқылы төлеуге бола ма?** 카드로 결제해도 되나요?

예3> **Сайт арқылы тіркелсеңіз болады.** 홈페이지를 통해 등록하실 수 있습니다.

예4> **Екі елдің президенті телефон арқылы сөйлесті.** 양국 대통령은 전화로 통화했다.

읽기

Телефонмен сөйлесу әдебі

Біреуге қоңырау шалғанда алдымен амандасыңыз, ал бейтаныс болса, өзіңізді таныстырыңыз. Содан кейін ғана не үшін хабарласқаныңызды айтуға болады.

Хабарласатыныңызды алдын ала айтып, келісіп қойған болмасаңыз, сағат кешкі тоғыздан кейін ешкімді мазаламауға тырысыңыз.

Телефонмен арқылы сөйлескен кезінде байланыс үзіліп кетсе, ші хабарласқан адам қайта қоңырау шалуы керек.

Кім қоңырау шалған болса, әңгімені сол аяқтайды. Одан бұрын қоштасып, байланысты үзіп тастамаңыз.

Айналаңыздағы адамдарға кедергі келмейтіндей қатты дауыспен сөйлеспеңіз.

«Өзім қайта хабарласамын» деп айтқан болсаңыз, уәдеңізді міндетті түрде орындаңыз.

Ақпарат дереккөзі: massaget.kz

전화 예절

누군가에게 전화를 걸 때에는 먼저 인사를 하고, 모르는 사람이라면 자신을 소개해야 합니다. 그렇게 하고 난 다음에 어떠한 용건으로 연락했는지 말할 수 있습니다.

사전에 연락하겠다고 동의를 구하지 않았다면, 9시 이후에는 다른 사람을 방해하지 않도록 노력해야 합니다.

통화 중 연결이 끊어져버렸다면, 먼저 연락한 사람이 다시 전화를 걸어야 합니다.

전화를 건 사람이 대화를 끝냅니다. 그 전에 작별 인사를 하고 전화를 끊지 마세요.

주변에 있는 사람들에게 방해가 될 정도로 큰 소리로 통화하지 마세요.

“다시 전화하겠다”고 말했다면, 그 약속을 반드시 지키세요.

출처: massaget.kz

읽기 어휘

Телефонмен сөйлесу	통화하다	Келісу	동의(양해)를 구하다	Үзіп тастау	(연결을) 끊어 버리다
Әдеп	예의범절	Ешкім	아무도, 그 누구도	Айнала	주변
Біреу	누군가, (무리의)한사람	Мазалау	방해하다, 귀찮게 하다	Кедергі келтіру	방해하다
Қоңырау шалу	전화를 걸다	Кез	시기, 때	Қатты	센, 큰
Алдымен	먼저	Байланыс	연결	Дауыс	큰 소리
Амандасу	인사하다	Үзілу	끊기다	Уәде	약속
Бейтаныс	낯선(모르는) 사람	Бірінші	첫번째, 먼저	Орындау	실행하다, 이행하다
Таныстыру	소개하다	Қайта	다시	Міндетті түрде	꼭, 반드시
Содан кейін	그 다음에	Әңгіме	이야기		
Хабарласу	연락하다	Аяқтау	끝나다		
Алдын ала	미리, 사전에	Қоштасу	작별 인사하다		

읽기 연습문제

다음 문장 중 위 글의 내용과 같으면 (O), 다르면 (X) 를 표시해주세요.

1 Бейтаныс адаммен сөйлескенде алдымен оның атын сұрау керек. (　　)

모르는 사람과 통화할 때는 먼저 그 사람의 이름을 물어봐야 한다.

2 Кешкі сағат тоғыздан кейін хабарласқан кезде алдын ала айтудың қажеті жоқ. (　　)

저녁 9시 이후 연락할 때는 미리 이야기할 필요가 없다.

3 Телефонмен арқылы сөйлескен кезінде байланыс үзіліп кетсе, бірінші хабарласқан адам қайта қоңырау шалуы керек. (　　)

통화를 하다가 연결이 끊기면, 먼저 연락한 사람이 다시 걸어야 한다.

4 «Қайта хабарласамын» деген уәдені міндетті түрде орындау қажет. (　　)

"다시 전화하겠다"는 약속은 반드시 지켜야 한다.

듣기 연습문제

녹음을 들으면서 대화문을 완성해 봅시다.

Динара: _____, сәлеметсіз бе? Бұл «Сәнді» дүкені ме?

Қызметкер: Қайырлы күн! Иә, сізге _____ көмегім қажет?

Динара: Сіздердің интернет дүкендеріңізден _____ берген шалбардың өлшемі _____ келмеді.

Қызметкер: Басқа өлшемдегі шалбарға ауыстырғыңыз _____ ме?

Динара: Жоқ, тауарды _____ келеді.

Қызметкер: _____ орай, жеңілдікпен сатып алған тауарды қайтара алмайсыз.

Динара: Он төрт күн ішінде қайтаруға болады _____ пе?

Жауапты қызметкермен _____ бола ма?

Қызметкер: Қазір «Клиенттерге қызмет көрсету орталығының» _____ қызметкерінен сұрап көрейін.

Динара: Жақсы, күтейін.

(біраздан соң...)

Қызметкер: Тауарды қайтару үшін дүкенге _____ _____ өзіңіз келуіңіз керек. Карта арқылы _____ болсаңыз, түбіртекті де ала келіңіз.

말하기 연습문제

<보기>의 단어들을 활용하여 식당을 예약해보세요.

보기 Осы дүйсенбіге резерв жасағым келеді / Келесі жұмаға бронь жасаймын 5 адам барады / 3 адамға орын бар ма? / 10 адамға арналған бөлек зал бар ма?

Қызметкер: Сәлеметсіз бе? «Ас болсын» дәмханасы. Қандай көмегім қажет?

Клиент: _____.

Қызметкер: Неше адамға қоямыз?

Клиент: _____.

Қызметкер: Аты-жөніңіз бен телефон нөмеріңізді айтсаңыз.

Клиент: _____.

쓰기 연습문제

1. 괄호 안의 단어를 활용하여 <보기>와 같이 문장을 완성해보세요.

보기 *(Досым)* хабарды естідім
→ Досым арқылы хабарды естідім

1) Көліктер өзеннен *(көпір)* өтеді. → _____.
2) Ол - тек өзінің *(қабілеті)* табысқа жеткен адам. → _____.
3) Біз *(сауалнама)* халықтың пікірін білдік. → _____.
4) Бұл - *(ашыту)* дайындалатын тағам. → _____.

2. <보기>의 단어를 활용하여 문장을 완성하세요.

보기 интернет-дүкен, байланыста, сөйлестім, алдын ала

1) Мына көйлекті _____ арқылы сатып алдым.
2) 12 айға _____ төлем жасасаңыз, 30% жеңілдік береміз.
3) Алыс жерде болсақ та міндетті түрде _____ боламыз.
4) Әке-шешем алыста тұрып жатқандықтан телефон арқылы _____.

3. 아래 단어를 배열하여 올바른 문장을 만드세요.

1) жібердім, сыйлықты, кеше, арқылы, анама, пошта

_____

2) жоқ, айырмашылығы, емес, ешқандай, пе

_____

3) келесі, бірге, жолы, барайық, міндетті түрде

_____

쓰기 연습문제

4. 아래 문장을 한국어로 번역하세요.

1) Телефон арқылы тапсырыс бергенде сыпайы сөйлесу керек.

_____

2) Қызметкерге тапсырыс туралы толық ақпарат беріңіз.

_____

3) Тапсырысты алған соң тауарды тексеріп көріңіз.

_____

5. 괄호 안의 동사를 활용하여 아래 <예시>와 같이 문장을 완성하세요.

Кинотеатрға кіруден бұрын _____

(билетті көрсету).

예시

→ Кинотеатрға кіруден бұрын міндетті түрде билетті көрсетіңіз.

1) **Ұшақ**қа кіруден бұрын _____

(төлқұжатты көрсету).

2) **Автобус**қа мінуден бұрын _____

(ақша төлеу).

3) **Мектеп**ке барудан бұрын _____

(оқулықты алу).

문화 들여다보기

Қазақстан халықтарының тағамдары

Қазақстанда 130-дан аса ұлт өкілдері бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүреді. Бірнеше халықтың мәдениеті тоғысқан және дәм-тұзы жарасқан ел десек те болады. Қазақстанға қыдырып барсаңыз, Орта Азия халықтары тағамдарының дәмін татуға болады. Қала көшелері өзбек, түрік, ұйғыр, қытай, грузин дәмханаларына лық толы. Сондай-ақ оңтүстік корей және жергілікті корей халқының дәмханаларын да жиі кездестіруге болады. Олай болса, Қазақстанда болсаңыз, дәмін татуға тұрарлық тағамдардың біразын атап өтелік:

Шашлық немесе кәуап

еттен жасаталын тағам. Ол Кавказ халықтарының дәстүрлі тағамы ретінде кеңінен танымал. Оны сиыр еті, қой еті, тауық еті және балықтан дайындайды. Кейбір мұсылман емес халықтар шошқа етінен де жасайды. Оны жасау үшін алдын ала етті пияз, бұрыш, тұз сынды әртүрлі дәмдеуіштерге салып, бірнеше сағат бұқтырып қояды. Кейін істекке 5-6 кесек етті түйреп, арнайы ошақ үстінде екі жағы қызарғанша пісіреді. Қазақстандықтар жақсы көретін демалыстың бір түрі табиғатқа шығып, ошақта шашлық қуыру десек артық айтқандық емес.

Лағман

Орталық Азия елдерінің асханаларында ең кең тараған шығыс тағамы. Оны ұйғыр және дүнген халықтарының дәстүрлі тағамының бірі деп санайды. Лағман - жіңішкелеп созылған қамырдың үстіне құйма құйып ұсынатын тағам түрі. Жылдың әртүрлі мезгілінде пісіп-жетілген көкөністерге байланысты лағманның да түр-түрі бар. Лағман дайындауда ең маңыздысы қамырды илеу болып табылады. Өйткені үзіліп кетпейтіндей қамырды дайындау және оны созу ептілік пен шеберлікті талап етеді. Қазақстанда жиі кездесетін лағман түрлері гуйру және суйру лағман деп аталады.

Палау

өзбек халқының ең танымал және сүйікті тағамының бірі. Оны шығыс тағамдарының патшасы деп те атайды. Палаудың бірнеше түрі және дайындау әдісі бар. Дегенмен баршамызға танымал палауды майға пиязды қуырып, мал еті (көбіне қой еті) мен сәбізді қосып, күріші шашыраңқы болатындай етіп, бұқтырып әзірлейді. Әдетте палауды күнделікті тамақ үшін әйелдер қауымы әзірлейтін болса, белгілі бір күнге, мерекеге арнап еркектер немесе арнайы шеберлер дайындайды. Ал қазақша палау көбінесе құйрық майдың ерітіндісінде пісірілетінімен ерекшеленеді.

기타 관련 어휘

Тапсырыс беру	주문하다	Жөнелтілім қабылдау	택배를 받다	Өндіруші	제조사
Ауыстыру	교환하다	Кешігу, бөгелу	지연되다	Пікір, баға	리뷰
Тауарды қайтару	환불하다	Түсіп қалу	누락되다	Жеңілдік науқаны	할인 이벤트
Бағасын салыстыру	가격을 비교하다	Өтеу, өтемін төлеу	보상하다	Өлшем	사이즈
Картамен төлеу	카드로 결제하다	Киіп көру	입어보다	Тауарды қайтару ережесі	환불 규정
Қолма қол ақшамен төлеу	현금으로 결제하다	Тапсырыс беруші	주문자		
		Сатушы	판매ш	Қолдану нұсқаулығы	사용법
Жөнелтілім жіберу	택배를 보内다	Сатып алушы	구매자	Сақтау мерзімі	유통기한

САБАҚ

08

АВТОБУСҚА ОТЫРҒАНЫҢ ДҰРЫС

버스를 타는게 나을거야

학습목표

1. 특정 장소에 가는 길을 묻고 답하는 대화를 할 수 있다.
2. '-해야 한다'의 의미를 나타내는 문장을 활용할 수 있다.
3. 사물이나 상황을 비교하는 표현을 사용할 수 있다.
4. 대중교통에 관한 텍스트를 이해하고, 관련 어휘를 활용할 수 있다.

핵심구문 익히기

<Одан да>

'차라리'

Одан да автобусқа отырғаның дұрыс.

차라리 버스를 타는게 나을거야.

<동사/명사+-ға/-ге/-қа/-ке/-а/-е/-на/-не ∨ тура ∨ келу>

'-해야 한다'

Сол аялдамадан 28-ші автобусқа ауысып *отыруыңа тура келеді*.

그 역에서 28번 버스로 갈아타야 해.

отыру(앉다, 타다) + ың + а ∨ тура ∨ кел + е + ді

<동사/명사+-ға/-ге/-қа/-ке/-а/-е/-на/-не ∨ қарағанда>

'-보다'

Бірақ *метроға қарағанда* әлдеқайда тез барады.

그렇지만 지하철보다는 훨씬 빨리 갈거야.

метро + ға ∨ қарағанда

<문장, оның үстіне>

'게다가'

Жол ақысы қымбат, *оның үстіне* такси де тез келмейді.

요금이 비싸, 게다가 택시가 빨리 오지도 않을거야.

대화문

Динара: Асхат, өткенде сен айтқан корей дәмханасына бару үшін қай метр бекетінен түсуім керек?

Асхат: Метро бекеті дәмханадан алыс орналасқан.

Одан да автобусқа отырғаның дұрыс.

Динара: Дәмханаға дейін қай автобус барады?

Асхат: 141-ші автобусқа отырып, «Жастар театры» аялдамасынан түсесің.

Сол аялдамадан 28-ші автобусқа ауысып отыруыңа тура келеді. «Алатау» аялдамасынан түсіп, жолдан өтсең, корей дәмханасы көрінеді.

Динара: Тура баратын автобус жоқ па?

Асхат: *Жоқ, бірақ метроға қарағанда әлдеқайда тез барады*.

Динара: Әлде такси шақырайын ба?

Кездесу уақытына кешігіп қалатын сияқтымын.

Асхат: Қазір кептеліс уақыты ғой.

Жол ақысы қымбат, оның үстіне такси де тез келмейді.

Динара: Онда автобусқа отырайын. Рахмет! Ертең көріскенше!

Динара: 아스핫, 지난번에 말했던 한국 식당에 가려면 지하철 어느 역에서 내려야 해?

Асхат: 지하철 역이 식당에서 멀어. 차라리 버스를 타는게 나을거야.

Динара: 식당까지 어떤 버스가 가?

Асхат: 141번 버스를 타서 «청소년 극장»역에서 내려. 거기서 28번 버스로 갈아타야해.

«알라타우»역에서 내려서 길을 건너면 한국 식당이 보일거야.

Динара: 바로 가는 버스는 없어?

Асхат: 없어, 그렇지만 지하철보다는 훨씬 빨리 갈거야.

Динара: 아니면 택시를 부를까? 약속 시간에 늦을 것 같아서.

Асхат: 지금 차 막힐 시간이야. 요금이 비싸, 게다가 택시가 빨리 오지도 않을거야.

Динара: 그럼 버스를 타야겠다. 고마워, 내일보자!

대화문 어휘

Өткен	지난	Ауысу	바꾸다, 옮기다	Кездесу	만나다, 만남
Корей дәмхана	한국 식당	Өту	가로지르다, 지나가다	Уақыт	시간
Метро бекеті	지하철 역	Көріну	보이다	Кешігу	늦다
Түсу	내리다	Тура	바로, 똑바른	Кептеліс	교통 체증
Алыс	먼, 멀다	Әлдеқайда	훨씬, 어딘가로	Жол ақысы	요금
Одан да	차라리, 그것보다는	Әлде	아니면	Қымбат	비싼, 비싸다
«Жастар театр»	“청년 극장”	Такси	택시	Үсті	~의 위
Аялдама	정류장	Шақыру	부르다, 초대하다	Көріскенше	다시 볼 때까지

▶▶ <Одан да>

: '차라리, 그것보다는'의 의미로, ОДАН(3인칭/탈격) v ДА의 형태로 구성되며, 앞의 문장과의 비교 상황에서 사용된다.

예1> Одан да жаңа кітапты сатып алғаныңыз жақсы. 차라리 새로운 책을 사는게 좋을거야.

예2> Мұзды көп жеме, одан да қыста жылы шай ішкенің дұрыс.

얼음 많이 먹지마, 겨울에는 차라리 따뜻한 차를 마시는게 나아.

예3> Одан да үйге қайтқаным дұрыс шығар, тым кеш болып кетті.

차라리 집에 가는게 나을 것 같아, 너무 늦었어.

예4> Одан да жаңа компьютерді сатып алғаның дұрыс шығар.

차라리 새로운 컴퓨터를 사는게 나을 것 같아.

▶▶ <동사/명사 + 여격조사 ∨ ТУРА ∨ КЕЛУ>

: '-해야 한다', '-할 시기에 와있다'의 의미로 쓰이며, КЕЛУ 동사 뒤에 시제에 따른 인칭종결어미를 붙여 사용한다.

끝소리	강모음 / 약모음
모음, м, н, ң з, ж, р, л, й, у	-ға / -ге
무성음, б, в, г, ғ, д	-қа / -ке
1,2 인칭 소유 어미(Мен/Сен/Сендер)	-а / -е
3인칭 소유 어미	-на / -не

예1> Жұмыс істеуге тура келді. 일을 해야 했다.

예2> Операция жасауға тура келіп тұр. 수술을 해야 한다. (해야 하는 상황에 있다)

예3> Берген уәдеңізді орындауға тура келеді. 당신이 한 약속을 지켜야한다.

예4> Оған айыппұл төлеуге тура келді. 그는 벌금을 내야 했다.

▶▶ <동사/명사 + 여격조사 ∨ ҚАРАҒАНДА>

: '-보다, -에 비해'의 의미로, 비교 상황에서 쓰인다.

예1> Ұшақпен бару пойызбен барғанға қарағанда тезірек.

비행기로 가는 것이 기차로 가는 것보다 더 빨리 도착한다.

예2> Ауылдың орташа өмір сүру деңгейі қалаға қарағанда 60%-ға төмен.

지방의 평균 생활비는 도시에 비해 60% 적다.

예3> Еліміздe интернет Ресей және Орталық Азия елдеріне қарағанда жылдамырық.

우리나라 인터넷은 러시아 및 중앙아시아 국가들에 비해 빠르다.

예4> Бірінші автобус екінші автобусқа қарағанда жүз шақырым аз жүрген.

첫번째 버스는 두번째 버스에 비해 100km 적게 운행했다.

▶▶ <문장, ОНЫҢ ҮСТІНЕ>

: '-게다가'의 의미로, 'ҮСТІ(~의 위에) + 여격 조사 -НЕ (3인칭 소유 어미)'를 결합한 형태이다.

예1> Жақында Астананың ауа райы қатты суық болады, оның үстіне қар да көп жауады.

조만간 아스타나의 날씨가 매우 추워질거야, 게다가 눈도 많이 내릴거야.

예2> Осы ұялы телефонның көлемі үлкенірек, оның үстіне дизайны да әдемірек.

이 휴대폰이 용량이 더 커, 게다가 디자인도 더 예쁘고.

예3> Айнұрдың алған бағасы жоғарырақ, оның үстіне жұмыс тәжірибесі де аз емес.

아이누르의 점수가 더 높아, 게다가 업무 경험도 적지 않고.

예4> Бұл үйдің бөлме саны көбірек, оның үстіне аялдамаға да жақын.

이 집의 방이 더 많아, 게다가 정류장에서도 가까워.

읽기

Алматы метросы

Алматы метросы - Орта Азиядағы Ташкент қаласынан кейінгі екінші метро болып саналады. Алматы метросы 2011 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында іске қосылды.

Алматы қаласындағы метроны салудың басты мақсаты – көлік кептелісін қысқарту, қаланың экологиялық ахуалын жақсарту.

Метро қысқа уақыттың ішінде алматылықтар мен қала қонақтарының сүйікті орнына айналды.

Әр аялдаманы безендіруде ұлттық өрнек, оюларға басымдық берілген. Сондай-ақ, қазақ халқының тарихын көрсететін суреттер қойылған. «Абай» бекетінде Абайдың өлеңдері мен қара сөздері жазылса, «Байқоңыр» бекетінде ғарыщ айлағының көрінісі бейнеленген.

Алматы метросында одан басқа «Жібек жолы», «Алатау», «Сайран», т.б. бекеттер бар.

알마티 지하철

알마티 지하철은 타슈켄트시 다음으로 중앙아시아에 건설된 두번째 지하철입니다. 알마티 지하철은 2011년 12월 1일 카자흐스탄 독립 20주년을 맞이하여 개통되었습니다.

알마티시에서 지하철을 건설한 주된 목적은 교통 체증을 줄이고, 도시의 환경을 개선하는 것입니다.

지하철은 짧은 시간 안에 알마티 시민들과 도시 방문객들이 애정하는 장소로 바뀌었습니다. 각 역을 장식하는데 있어 전통 문양과 조각들이 우선적으로 배치되었습니다. 이와 더불어 카자흐 민족의 역사를 보여주는 그림들도 전시되었습니다. “아바이” 역에는 아바이의 시가 적혀있고, ”바이코누르”역에는 우주 정거장의 전경이 그려져 있습니다.

알마티 지하철에는 이것 외에도 ”즈벡 졸르”, ”알라타우”, ”사이란”역 등이 있습니다.

읽기 어휘 학습

Кейінгі	다음의, 다음에 있는	Экологиялық	환경의	Басымдық	우선권, 지배권
Саналу	여겨지다, 계산되다	Ахуал	상황	Берілу	열중하다, 헌신되다
Тәуелсіздік	독립, 자주성	Жақсарту	개선시키다	Сондай-ақ	그와 같이
Жылдық	주년, 연간	Алматылық	알마티 시민	Көрсету	보여주다
Қарсаңында	전야에, 전날에	Сүйікті	사랑하는, 애정하는	Қойылу	올려지다, 상연되다
Іске қосылу	시작되다, 착수되다	Айналу	바뀌다	Бекет	역, 정류소
Салу	세우다, 건설하다	Безендіру	꾸미다, 장식하다	Жазылу	씌어지다, 기록되다
Басты	주요	Өрнек	무늬	Ғарыш айлағы	우주 정거장
Қысқарту	줄이다	Ою	장식, 무늬	Көрініс	전경, 전망
				Бейнелену	묘사되다, 그려지다

읽기 연습문제

다음 문장 중 위 글의 내용과 같으면 (O), 다르면 (X) 를 표시해주세요.

1 Алматы қаласындағы метро көлік кептелісін қысқарту, қаланың экологиялық ахуалын жақсарту мақсатында салынған. (　　)

알마티시 지하철은 교통 체증을 줄이고, 도시 환경을 개선하는 목적으로 지어졌다.

2 Орта Азиядағы бірінші метро Алматы қаласында орналасқан. (　　)

중앙아시아 최초의 지하철은 알마티시에 있다.

3 Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығын еске салу үшін безендіру кезінде ұлттық өрнек пен оюларды қолданды. (　　)

카자흐스탄 독립 20주년을 기념하기 위해 전통 문양과 조각들을 장식하는데 사용했다.

4 Алматы метросында «Абай», «Байқоңыр», «Жібек жолы», «Алатау», «Сайран», т.б. бекеттер бар. (　　)

알마티 지하철에는 "아바이", "바이코누르", "즈벡 졸르", "알라타우", "사이란" 역 등이 있다.

듣기 연습문제

녹음을 들으면서 대화문을 완성해 봅시다.

Динара: Асхат, өткенде сен айтқан корей дәмханасына бару үшін қай метро _____ түсуім керек?

Асхат: Метро _____ дәмханадан алыс орналасқан. _____ автобусқа отырғаның дұрыс.

Динара: Дәмханаға дейін _____ автобус барады?

Асхат: _____ автобусқа отырып, «Жастар театры» аялдамасынан түсесің. Сол аялдамадан 28-ші автобусқа _____ отыруыңа тура келеді. «Алатау» _____ түсіп, жолдан өтсең, корей дәмханасы көрінеді.

Динара: _____ баратын автобус жоқ па?

Асхат: Жоқ, бірақ _____ қарағанда әлдеқайда тез барады.

Динара: _____ такси шақырайын ба? Кездесу уақытына _____ _____ сияқтымын.

Асхат: Қазір кептеліс уақыты ғой. Жол ақысы қымбат, _____ _____ такси де тез келмейді.

Динара: Онда _____ отырайын. Рахмет! Ертең көріскенше!

말하기 연습문제

<보기>에 있는 동사를 활용하여 길을 묻고 답하는 대화를 연습해보세요.



보기

Қай жерге?

базар, көрме

«Хан Шатыр», «Медеу»

Қалай? Немен?

автобус, метро

такси, мотоцикл

А: Мен ертең _____ баруым керек. Қалай бара аламын?

Ә: _____ барсаңыз, бірден жете аласыз.

Әлде _____ барсаңыз да болады, бірақ уақыт көбірек кетеді.

А: _____ бару ыңғайлырақ шығар. Кеңесіңізге рахмет.

쓰기 연습문제

1. 아래 <보기>와 같이 문장을 완성하세요.

보기

иттер – мысықтар – үлкен

→ Иттер мысықтарға қарағанда үлкен.

1) Алтын – күміс – қымбат

_____.

2) Бір сантиметр – бір метр – қысқа

_____.

3) Бала – үлкен – кіші

_____.

4) Жаз – қыс – жылы

_____.

2. 아래 단어를 배열하여 올바른 문장을 만드세요.

1) киімдер, киімдерді, сатып, жылы, алма, оданда, жеңіл, пайдалы, Астанада

_____

2) шілдеге, қыркүйек, салқынырақ, қарағанда

_____

3) жаз, оның, кетеді, үстіне, жылы, да, емес, тез

_____

3. <보기>의 단어를 활용하여 문장을 완성하세요.

보기

әлдеқайда, басты, аялдаманы, жақсартады

1) Біздің _____ мақсатымыз – адам құқығын қорғау.

2) Автобуста жаңа қойылған экран келесі _____ көрсетіп тұр.

3) Оның қабілеті басқа адамдардан _____ жоғары деңгейде.

4) Күнде жаяу жүру – өкпе жұмысын _____.

쓰기 연습문제

4. 아래 문장을 한국어로 번역하세요.

1) Бүгін маған қазақ тілін үйренуге тура келіп тұр.

_____

2) Үйде отыруыма тура келді.

_____

3) Жылдам шешім табуымызға тура келеді.

_____

5. 괄호안의 단어를 활용하여 문장을 완성하세요.

(жұмсақ болу, дәмсіз болу)

보기 → Ұзақ пісірме, қамыр жұмсақ болады, оның үстінде дәмсіз болады.

1) *(қараңғы болу, суық болып кету)*

→ Қыста кеш жүрме, дала _____.

2) *(шаршау, көру нашарлау)*

→ Теледидарды жақыннан көрме, көзің _____.

3) *(артық салмақ, қосу, өмір сапасы нашарлау)*

→ Көп жеме, _____.

문화 들여다보기

Қазақстандағы көлік жүйесі

Қазақстан - мұхит жағалауына тікелей шыға алмайтын құрлықтық елдердің ішіндегі ең ірісі. Шекарасының жалпы ұзындығы 15000 шақырымнан астам, ал шығысынан батысына дейін ұзындығы 3000 шақырымды құрайды. Ол Сеул мен Пусан арасындағы 335 км арақашықтыққа қарағанда 8 есе үлкен екен. Қазақстанда үлкен қашықтықты жеңудің бірден бір тәсілі көлік болып табылады. Елде барлық көлік түрі дамыған: автомобиль, темір жол, су және әуе көлігі. Қазақстанның географиялық ерекшеліктеріне байланысты темір жол мен автомобиль елде белсенді түрде қолданылады. Ұшақпен ең көп ұшатын бағыт - Алматы-Астана бағыты. Ара қашықтығы шамамен 1000 км, ал ұшақпен - 1 сағат 40 минут, темір жол арқылы 18-24 сағатты құрайды.

Қазақстанның бұрынғы астанасы Алматы қаласында қоғамдық көліктің бірнеше түрін кездестіруге болады. Алматының символына айналған электр қуаты арқылы жүретін троллейбус, Қазақстанда алғаш пайда болған жерасты метросы да халықтың сұранысына ие. Айта кететін жайт, метро вагондарын корейлік Хюндай Ротем (Hyundai Rotem) компаниясы жасап шығарған, сондықтан да шығар Алматы мен Корея метросының ұқсас тұстары өте көп.

Жалпы Қазақстан халқы қоғамдық көлік ретінде автобус пен таксиді көп қолданады. Бұрында қолыңды көтерсең, кез келген көлік тоқтап, адам тасымалымен айналысқан болса, қазір мамандандырылған арнайы таксопарктер қызмет көрсетеді. Қазақстандықтар жиі қолданатын такси қызметін ұсынатын мобильді қосымшалар ішінде Uber, Yandex Go, Indriver-ді айтуға болады.

사진 출처: https://alatransit.kz

기타 관련 어휘

Міну, отыру	(버스, 지하철) 타다	Жаяу жүргіншінің рұқсат етілмеген жерден өтуі	무단 횡단하다	Трасса	고속도로
Түсу	(버스, 지하철) 내리다			Қиылыс	교차로
Ауысып отыру	(버스) 환승하다			Қарама-қарсы жақ	반대편
Тіке(тура) жүру	직진하다	Автобус картасын толықтыру	버스 카드를 충전하다	Шығу	출구
Оңға бұрылу	오른쪽으로 돌다			Кіру	입구
Солға бұрылу	왼쪽으로 돌다	Бағдаршам	신호등	Апаттық шығу	비상구
Жолдан өту	길을 건너다	Жаяу жүргінші жолы	횡단보도	Метро платформасы	지하철 플랫폼
Тоқтату	(차를) 세우다	Машина жүретін жол	차도		

САБАҚ
09

КАРТАМДЫ ЖОҒАЛТЫП АЛДЫМ

카드를 잃어버렸어요.

학습목표

1. 물건을 잃어버린 상황에 관해 상대방과 이야기를 나눌 수 있다.
2. '2인칭(СЕН) 명령형' 그리고 '기억'과 관련된 표현을 활용할 수 있다.
3. 정확히 알지 못하는 사람을 지칭하는 표현을 사용할 수 있다.
4. 긴급 상황에 대한 텍스트를 이해하고, 관련 어휘를 활용할 수 있다.

핵심구문 익히기

<동사 어간>

'2인칭(Сен) 명령형'

Тоқта!! Картам қайда кетті?!

기다려! 내 카드가 어디 갔지?!

<Ес + 소유 어미 + -да/-де/-та/-те/-нда/-нде ∨ бар/жоқ>

'기억이 나다/안 나다'

Қайда қалдырғаныңыз *есіңізде жоқ* па?

어디에 두고 왔는지 기억 안 나세요?

ес(기억) + іңіз + де ∨ жоқ

<Біреу>

'누군가, (무리의) 한 사람'

Біреу алып кетті ме екен...

누군가 가져간 걸까...

<동사 어간 + -ғанша/-генше/-қанша/-кенше>

'-때까지'

Сіз картаны *бұғаттағанша* мен кофенің ақшасын төлеп келейін.

당신이 카드를 정지시킬 때까지 저는 커피 값을 계산하고 올게요.

Бұғаттау(정지시키다) + ғанша

대화문

Марат: Кофені мен алып берейін. *Тоқта*! *Картам қайда кетті*?!

Айғаным: Картаңызды жоғалтып алдыңыз ба?

Марат: Жаңа ғана әмиянымда болған еді... Не істесем екен?

Айғаным: *Қайда қалдырғаныңыз есіңізде жоқ па*?

Марат: Ештеңе есімде жоқ Түсте тамақ ішкен дәмханада қалдырып кеткен сияқтымын..

Айғаным: Онда дәмханаға хабарласып көріңіз.

Марат: (сәлден соң) Дәмханада жоқ дейді. *Біреу алып кетті ме екен*...

Айғаным: Онда картаңызды тезірек бұғаттау керек. Сонда тауып алған адам пайдалана алмайды.

Марат: Картаны бұғаттау үшін банкке хабарласу керек пе?

Айғаным: Жоқ, телефондағы банк қосымшасы арқылы бұғаттай аласыз.

Марат: Рас па? Ой, саған көп рахмет! Қазір істеп көрейін.

Айғаным: *Сіз картаны бұғаттағанша мен кофенің ақшасын төлеп келейін*.

Марат: 커피 내가 사다 줄게. 기다려! 내 카드가 어디 갔지?!

Айғаным: 카드 잃어버리셨어요?

Марат: 방금 지갑에 있었는데.. 어떡하지?

Айғаным: 어디에 두고 왔는지 기억 안 나세요?

Марат: 아무것도 기억이 안나. 점심 먹은 식당에 놓고 온 것 같아.

Айғаным: 그럼 식당에 연락해보세요.

Марат: (잠시 후) 식당에 없다고 하네. 누군가 가져간 걸까..

Айғаным: 그럼 카드를 빨리 정지시켜야 해요. 그럼 카드를 주운 사람이 사용할 수 없어요.

Марат: 카드를 정지시키려면 은행에 연락해야 하나?

Айғаным: 아뇨, 휴대폰에 있는 은행 어플을 통해서 정지시킬 수 있어요.

Марат: 정말? 오, 고마워! 지금 해볼게.

Айғаным: 카드 정지시킬 때까지 저는 커피값을 계산하고 올게요.

대화문 어휘

Кофе	커피	Ес	기억, 의식	Бұғаттау	정지시키다
Тоқтау	멈추다	Ештеңе	어떤 것	Тауып алу	찾아내다
Қайда	어디에	Түс	정오, 한낮	Пайдалану	사용하다, 이용하다
Кету	떠나다, 나가다	Тамақ ішу	식사하다, 밥 먹다	Банк	은행
Карта	카드	Дәмхана	식당	Қосымша	어플리케이션
Жоғалтып алу	잃어버리다	Онда	그러면	Рас	진실의, 사실의
Жаңа ғана	방금	Хабарласу	알리다	Істеп көру	해보다
Әмиян	지갑	Біреу	누군가, 한 사람	Төлеу	지불하다
Істеу	일하다, 수행하다	Алып кету	가지고 가다		
Қалдыру	두고가다, 남기다	Тездету	속도를 내다		

▶▶ 2인칭 단수 명령형 <동사 어간>

: 주어가 'Сен(2인칭 단수)'일 때에는 동사 어간을 그대로 사용하면 명령형이 된다.

예1> **Сабақтан кейін үйіме бірден кел.** 수업 끝나고 집으로 바로 와.

예2> **Қолыңды жуып, палатаға кір.** 손을 씻고 병실에 들어와.

예3> **Ең алдымен құттықтау сөзін оқы.** 가장 먼저 축사를 읽어.

예4> **Шақырмаған жерге барма.** 초대하지 않은 곳에는 가지마.

: 주어가 'Сендер (2인칭 복수)'일 때에는, '동사 어간 + -ҢДАР/-ҢДЕР/-ЫҢДАР/-ІҢДЕР'를 활용한다.

예1> **Сағат екіде әуежайда жиналыңдар.** 2시에 공항에 모여.

예2> **Таңертең еденді сыпырыңдар.** 아침에 바닥을 쓸어.

▶▶ <ЕС + 소유 어미 + 위치격(처격) 조사 ∨ БАР/ЖОҚ>

: '기억이 나다/안 나다'의 의미로, ЕС(기억)에 위치격(처격) 조사를 붙여 표현한다.

예1> **Басқаларының не дегені есімде жоқ.** 다른 사람들이 뭐라고 했는지 기억나지 않는다.

예2> **Бұл оқиға әлі де адамдардың есінде бар.** 이 사건은 아직까지도 사람들이 기억하고 있다.

: ЕС(기억)을 활용한 또 다른 표현으로는 Еске түсу (생각나다), Есте сақтау (기억하다, 명심하다), Еске алу(기억하다, 추모하다) 등이 있다.

예1> **Үйден шыққаннан кейін кілтімді ұмытып кеткенім есіме түсті.**
집에서 나간 후에 열쇠를 잊어버리고 온 것이 생각 났다.

예2> **Біз оның жетістіктерін есте сақтауымыз керек.** 우리는 그의 업적을 기억해야 한다.

예3> **Бүгін қалалық әкімшілік қызметкерлері соғыста қайтыс болған батырларды еске алды.**
오늘 시청 직원들이 전사한 장군들을 추모하였다.

▶▶ <Біреу>

: '누군가'의 의미로, 정확히 알 수 없는 사람이거나, 무리 중의 한 사람을 지칭할 때 사용한다.

예1> **Біреу маған сіз жаңа машина іздеп жатыр деп айтты.**
누군가 나에게 당신이 새로운 자동차를 찾고 있다고 말했어요.

예2> **Кеше кешке белгісіз біреу көшеде қарудан оқ жаудырып, екі адам қаза тапқан.**
어제 저녁 신원을 알 수 없는 누군가가 길거리에서 총격을 가해 2명이 사망했다.

예3> **Сізге екі түрлі таңдау беріледі, соның біреуін таңдауыңыз керек.**
당신에게 2개의 선택지가 주어지면, 그들 중 하나를 선택해야 한다.

예4> **Белгісіз біреу сауда орталығына бомба қойылды деп хабар таратқан.**
신원을 알 수 없는 누군가가 쇼핑몰에 폭탄을 설치했다는 소식이 퍼졌다.

▶▶ <동사 어간 + -ҒАНША/-ГЕНШЕ/-ҚАНША/-КЕНШЕ>

: '-때까지'의 의미로, 하나의 동작에 이어 발생하는 동작을 나타낼 때 사용한다.

예1> **Мен таң атқанша жұмыс істедім.** 나는 아침이 될 때까지 일했다.

예2> **Олар келгенше мен электронды хат жазайын.** 그들이 올 때까지 나는 메일을 쓸게.

예3> **Дәрігер келгенше, денемнің қызуы 39 градусқа дейін көтерілді.**
의사가 올 때까지, 열이 39도까지 올랐다.

예4> **Мұғалім келгенше жаңа сөздерді жаттап алайық.**
선생님이 올 때까지 새 단어를 외웁시다.

읽기

ШҰҒЫЛ КӨМЕК НӨМІРЛЕРІ

Төтенше жағдай — өндірістік апат, оқыс оқиғалар немесе табиғи апаттар сияқты адам өміріне қауіп төндіретін әртүрлі жағдайлар. Осындай төтенше жағдай туындаса қайда хабарласуға болады?

Көптеген елдердегідей Қазақстанда да шұғыл көмек көрсету нөмірлері бар:

· өрт сөндіру қызметі – 101

· полиция – 102

· жедел медициналық жәрдем – 103

Жоғарыдағы нөмірлерге хабарласып, көмек сұраған кезде төмендегі мәліметті нақты хабарлау қажет:

1. қоңырау шалу себебіңіз;

2. оқиға болған орынның нақты мекен-жай;

3. аты-жөніңіз.

Мүмкіндігінше диспетчердің барлық сұрақтарына сабыр сақтап, түсінікті жауап беруге тырысыңыз.

Шұғыл көмек көрсету нөмірлеріне әзілдеп қоңырау шалуға қатаң тыйым салынады және бұл қылмыс болып саналады.

긴급 전화번호

비상사태란 - 산업 재해, 사고, 천재지변 등과 같이 인간의 생명을 위협하는 다양한 상황을 말합니다. 이러한 긴급 상황이 발생하면 어디로 전화해야 할까요?

많은 국가들과 마찬가지로 카자흐스탄에도 긴급 서비스 번호가 있습니다:

· 소방서 - 101

· 경찰서 - 102

· 구급차 – 103

상기 번호로 연락하여 도움을 요청할 시에는 아래 정보를 정확하게 알려야 합니다:

1. 전화를 건 이유

2. 사건이 발생한 장소의 정확한 주소

3. 성함

가능한 구급대원의 모든 질문에 침착함을 유지하고 명확하게 대답하도록 노력하세요.

긴급번호로 장난 전화를 거는 것은 엄격히 금지되며, 이것은 범죄로 간주됩니다.

읽기 어휘

Төтенше жағдай	비상사태	Шұғыл	긴급한	Мүмкіндігінше	가능한대로
Өндірістік	산업의, 생산의	Көмек көрсету	지원, 도움을 제공하다	Диспетчер	구급대원
Апат	사고	Өрт сөндіру	소방	Сабыр	인내
Оқыс	예기치 않은, 갑작스러운	Полиция	경찰	Түсінікті	이해할 수 있는, 정확한
Оқиға	사건	Жедел медициналық жәрдем	응급의료	Тырысу	노력하다
Табиғи	자연의	Мәлімет	정보	Әзілдеу	농담하다
Қауіп төндіру	위협하다	Нақты	명확히, 분명히	Қатаң	엄격한
Туындау	생기다, 발생하다	Қоңырау шалу	전화를 걸다	Тыйым салу	금지하다
Хабарласу	알리다	Себеп	이유	Қылмыс	범죄
		Мекен-жай	주소	Санау	여기다, 세다

읽기 연습문제

다음 문장 중 위 글의 내용과 같으면 (O), 다르면 (X) 를 표시해주세요.

1 Адам өміріне қауіп төндіретін әртүрлі жағдайлар «төтенше жағдай» деп аталады. (　　)

인간의 생명을 위협하는 다양한 상황을 '비상사태'라고 부른다.

2 Қазақстанда полицияға қоңырау шалу үшін 103 нөмерін теру керек (　　)

카자흐스탄에서 경찰에 신고하기 위해서는 103번을 눌러야 한다.

3 Қазақстанда шұғыл көмек көрсету нөмірлеріне қоңырау шалғанда, аты-жөніңізді нақты айтуыңыз қажет. (　　)

카자흐스탄에서 긴급 번호로 연락한 경우 이름을 명확히 말해야 한다.

4 Шұғыл көмек көрсету нөмірлеріне әзілдеп қоңырау шалу қылмыс болып саналады. (　　)

긴급번호로 장난 전화를 거는 것은 범죄로 간주된다.

듣기 연습문제

녹음을 들으면서 대화문을 완성해 봅시다.

Марат: Кофені мен алып берейін._____! Картам қайда кетті?!

Айғаным: Картаңызды _____алдыңыз ба?

Марат: _____ ғана әмиянымда болған еді. Не істесем екен?

Айғаным: Қайда қалдырғаныңыз _____ жоқ па?

Марат: _____ есімде жоқ. Түсте тамақ ішкен _____ қалдырып кеткен сияқтымын.

Айғаным: Онда дәмханаға хабарласып _____.

Марат: (сәлден соң) Дәмханада жоқ дейді. _____ алып кетті ме екен...

Айғаным: Онда картаңызды тезірек _____ керек. Сонда тауып алған адам пайдалана алмайды.

Марат: Картаны бұғаттау үшін банкке _____ керек пе?

Айғаным: Жоқ, телефондағы банк _____ арқылы бұғаттай аласыз.

Марат: Рас па? Ой, саған көп рахмет! _____ істеп көрейін.

Айғаным: Сіз картаны _____ мен кофенің ақшасын төлеп келейін.

말하기 연습문제

<보기>에 있는 단어를 활용하여 어디에서 물건을 잃어버렸는지 설명해보세요.

보기

Нем? / Қай затым?

телефон, карта, әмиян,

кілт, сөмке, бас киім

Қайда?

автобуста, таксида, университетте,

дәмханада, кафеде, аялдамада

Қашан?

түсте, кешкі сағат 7-де, таңертең,

түнде, кеше, алдыңғы күні

Тоқта! Менің *(нем)*_____ қайда кетті? Ештеңе есімде жоқ..

Мүмкін *(қайда)*_____ қалдырып кеттім бе,

әлде үйден алып шықпадым ба?

*(қашан)*_____ сол жақта болдым ғой.

쓰기 연습문제

1. 괄호 안의 동사를 2인칭(сен/сендер) 명령형으로 바꾸세요.

1) Сен достарыңмен кездескенде шарап көп *(ішпеу)* _____!

2) Сендер жаңа семестрден бастап сабаққа *(кешікпеу)* _____!

3) Жолда жаяу жүргенде телефонды *(қолданбау)* _____.

4) Ең маңызды сөздерден бастап *(жаттап алу)* _____.

2. <보기>의 단어를 활용하여 문장을 완성하세요.

보기 біреу, нақты, шұғыл, қатаң

1) Міндетті түрде осы жиналысқа әр бөлімшеден _____ қатысу керек.

2) _____ көмек қажет болған жағдайларда 112-ға хабарласуға болады.

3) _____ заң болмаса, бұл қылмыстық әрекетті жоя алмаймыз.

4) Қоңырау шалған себебін _____ айту маңызды.

3. 아래 단어를 배열하여 올바른 문장을 만드세요.

1) біреуі, студенттердің, конкурсынан, өтті, биыл

_____

2) менің, есіңіз, сізге, уәдем, де, ме, берген?

_____

3) сіз, аялдамада, көлікпен, күтемін, келгенше

_____

쓰기 연습문제

4. 아래 문장을 한국어로 번역하세요.

1) Жұмысыңызды бітіргенше дүкенге барып келемін.

_____

2) Іс-сапарға барып келгенше үйді жинап қоямын.

_____

3) Жиналыс біткенше қонақтармен сөйлесіп отырамын.

_____

5. 한국어 해석에 맞게 문장을 완성해보세요.

1) 아스타나에서 산책할 때 옛날 친구들이 생각났다.

Астанада серуендеп жүргенде бұрынғы достарым _____.

2) 어제 너에게 무슨 말을 했는지 기억나지 않는다.

Кеше саған не айтқаным _____.

3) 그가 사망했다는 소식을 듣고 많은 사람들이 그를 추모했다.

Оның кенеттен қайтыс болғаны туралы хабарды естіген көпшілік оны

_____.

문화 들여다보기

Қазақстанның танымал базарлары

Қазақстанда жергілікті халықтың мәдениетін, әлеуметтік өмірін сезінуге мүмкіндік беретін ерекше орындардың бірі – базар. Барлық қалаларда заманауи супермаркет желілері жақсы дамыса да, дәстүрлі базарға жететін ерекше атмосферасы бар орын жоқ десе де болады. Соның бірі – жүз жылдан аса тарихы бар «Көк базар» сауда ордасы.

«Көк базарды» қазақстандық сауда мәдениетінің мұражайы деуге болады. Ол 1870 жылдары бастапқыда ашық сауда алаңы ретінде ашылған. Базардың іші қашан да жаңа піскен жемістер мен көкөністерге толы болғандықтан, уақыт өте келе халық арасында «Көк базар» деп аталып кеткен. 1970 жылдары кеңестік конструктивизм стиліндегі жабық ғимарат күйінде салынып, сол кезден бері сыртқы және ішкі көрінісі елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Қазіргі таңда «Көк базар» шетелдік туристтер міндетті түрде баратын сүйікті жерлердің біріне айналды. Ол жерден ұлттық өнімдерден бастап, өзбектің кептірілген жемістері, Ираннан келген дәмдеуіштер сынды көздің жауын алатын ерекше заттарды табуға болады. Ал шаршап, ашықсаңыз, әртүрлі халықтың тағамдарын әзірлейтін дәмханалардан дәм татуға болады.

Астананың қысы суық әрі ұзақ, ал жазы салқын әрі желді болып келеді. Сондықтан дәстүрлі шығыс стиліндегі орталық базар ғимарат ішінде орналасқан. Қазіргі ресми атауы «Астана базары» болғанымен, халық арасында бұрынғы «Артём» деген атаумен кеңінен танымал. Басқа дәстүрлі базарлардан ерекшелігі базар ғимараты 6 қабаттан тұрады. Бұл жерден азық-түлік пен киім-кешектен бастап, электронды жабдықтарға дейін өмірге қажетті барлық тауарларды табуға болады.

기타 관련 어휘

Түсінбедім	이해 못했어요	Ақшамды ұрлап алды	내 돈을 훔쳐갔어요	Саусағымды кесіп алдым	손을 베었어요
Тағы бір рет айтыңызшы	다시 한번 말씀해주세요	Жедел жәрдемді шақырыңыз	응급차를 불러주세요	Маған ыңғайсыз	(상황) 불편합니다
Өтінішім бар	부탁이 있어요	Өрт!	불이야!	Жей алмаймын	먹을 수 없어요
Көмектесіңізші	도와주세요	Көлік апаты болды	차 사고가 났어요	Жолда адасып қалдым	길을 잃었어요
Полиция шақыру керек!	경찰을 불러야 합니다!	Елшілікке қоңырау шалу керек	대사관에 전화해야 합니다	Таба алмадым	찾지 못했어요
Ұры!	도둑이야!	Абайлаңыз!	조심하세요!	Барғым келмейді	가고 싶지 않아요
Ұры кірді	도둑이 들었어요				

САБАҚ
10

СІЗГЕ ЖАҚСЫ ЖАРАСЫП ТҰР

당신에게 잘 어울려요

학습목표

1. 상대방의 옷차림에 관한 대화를 나눌 수 있다.
2. '-같이', '-이/가 없는'의 뜻을 가지는 형용사를 만들 수 있다.
3. 기간, 사이즈를 나타내는 표현을 사용할 수 있다.
4. 의복에 관한 텍스트를 이해하고, 관련 어휘를 활용할 수 있다.

핵심구문 익히기

<명사/동사 + -дай/-дей/-тай/-тей/-ндай/-ндей>

'-같이, -처럼'

Атақты *актердей* көрінесіз.

유명한 배우 같아 보여요.

актер(배우) + дей

<Көптен бері>

'오랫동안'

Көптен бері галстук таққан жоқпын.

오랫동안 넥타이를 매지 않았어요.

<명사 + -сыз/-сіз>

'-이/가 없는'

Ыңғайсыз екен.

불편하네요

ыңғай(편리성, 기회) + сыз

<Сәл>

'약간, 조금'

Өлшемі аяғыма *сәл* кішкентай екен.

사이즈가 제 발보다 약간 작아요.

대화문

Гүлназ: Асхат, сіздің костюм кигеніңізді бірінші рет көріп тұрмын. Жақсы жарасып тұр. *Атақты актердей көрінесіз*.

Асхат: Рахмет! *Көптен бері галстук таққан жоқпын, ыңғайсыз екен*.

Гүлназ: Иә, сіз үнемі ыңғайлы кэжуал стилінде киініп жүретін едіңіз.

Асхат: Осындай маңызды іс-шараларда ғана классикалық стильде киінемін. Сіздің де көйлегіңіз жарасып тұр.

Гүлназ: Мен де көйлекті жиі кимеймін. Шалбар киген ыңғайлырақ.

Асхат: Биік өкшелі туфли кигендіктен, бойыңыз менің иығыма жетіп қалыпты.

Гүлназ: Аяқ киімді жаңадан алып едім. *Өлшемі аяғыма сәл кішкентай екен*.

Асхат: Бүгін іс-шарада көп жүретін шығарсыз. Аяғыңыз ауыратын болды ғой.

Гүлназ: Сол үшін арасында ауыстырып киюге ыңғайлы кроссовка алып келдім.

Гүлназ: 아스핫, 당신이 정장 입은거 처음 봐요. 잘 어울려요. 유명한 배우 같아 보여요.

Асхат: 고마워요! 오랫동안 넥타이를 매지 않았더니 불편하네요.

Гүлназ: 네, 항상 편한 캐주얼 스타일로 입고 다니셨잖아요.

Асхат: 이렇게 중요한 행사에서만 클래식한 스타일로 입어요. 당신에게도 원피스가 잘 어울리네요.

Гүлназ: 저도 원피스를 자주 입지는 않아요. 바지를 입는게 더 편하거든요.

Асхат: 굽이 있는 구두를 신으셔서 키가 제 어깨까지 오네요.

Гүлназ: 구두를 새로 샀어요. 사이즈가 제 발보다 약간 작아요.

Асхат: 오늘 행사에서 많이 돌아다닐 것 같은데. 발이 아프겠어요.

Гүлназ: 그래서 중간에 갈아 신을 수 있는 편한 운동화를 가지고 왔어요.

대화문 어휘

Костюм	정장	Ыңғайлы	편리한	Бой	키
Кию	입다	Кэжуал	캐주얼	Иық	어깨
Жарасу	어울리다	Стил (стиль)	스타일	Жаңадан	새로이
Атақты	유명한	Киіну	(스스로) 옷을 입다	Өлшем	사이즈, 크기
Актер	배우	Іс-шара	행사	Сәл	조금, 약간
Көріну	보이다, 나타나다	Классикалық	클래식의	Кішкентай	작은, 작다
Галстук	넥타이	Көйлек	원피스, 드레스	Ауыру	아프다
Тағу	매다, 걸다, 차다	Шалбар	바지	Арасында	~사이에
Ыңғайсыз	불편한	Өкшелі	(신발의) 굽이 있는	Ауыстыру	바꾸다
Үнемі	항상	Туфли	구두	Кроссовка	운동화

▶▶ <명사/동사 + -ДАЙ/-ДЕЙ/-ТАЙ/-ТЕЙ/-НДАЙ/-НДЕЙ>

: '-같이, -처럼'의 의미로, 명사나 동사에 붙여 사용한다.

예1> Ол баладай жарқырап күлді. 그는 아이처럼 해맑게 웃었다.

예2> Әселдің беті сүттей аппақ. 아셀의 얼굴은 우유처럼 하얗다.

예3> Иесін туған анасындай сағынған иттің әрекеті көпшілікті таңқалдырды.

주인을 낳아준 어머니처럼 그리워한 개의 행동은 많은 사람들을 놀라게 했다.

예4> Сіз тамақты күні бойы ештеңе жемегендей жейді екенсіз.

당신은 하루 종일 아무것도 먹지 않은 것처럼 먹네요.

▶▶ <КӨПТЕН БЕРІ>

: '오랫동안, 오랜 시간 동안'의 의미로, 'КӨП(많은(수, 양), 긴(시간)) + ТЕН(탈격) v БЕРІ(이후로)의 형태이다.

예1> Көптен бері күткен кітабымыз келді. 오랫동안 기다린 책이 왔다.

예2> Көптен бері көрінбей кеткен әнші қайда жүр? 오랫동안 사라졌던 가수는 어디에 있나?

예3> Көптен бері шешілмей жүрген бір мәселе шешілді.

오랫동안 해결할 수 없었던 문제가 해결되었다.

예4> Екі ел арасында көптен бері визасыз режми мәселесі айтылып жүр.

양국 사이에 오랫동안 무비자 제도에 관한 이슈가 논의되고 있다.

▶▶ <명사 + -СЫЗ/-СІЗ>

: '-이/가 없는'의 의미로, 형용사를 만드는 방식 중 하나이다.

Білім	지식, 지혜	Білімсіз	무식한, 무지한
Зиян	손해	Зиянсыз	해가 되지 않는
Бұлт	구름	Бұлтсыз	구름이 없는
Әл	힘, 에너지	Әлсіз	힘없는, 약한
Дәм	맛	Дәмсіз	맛없는
Үміт	희망	Үмітсіз	희망이 없는
Жұмыс	일, 업무	Жұмыссыз	일이 없는 직업이 없는

예1> Дүйсенбіде бұлтсыз ауа райы күтіледі. 월요일에는 구름이 없는 날씨가 예상됩니다.

예2> Әлеуметтік әлсіз топтарға көмек беру жөнінде жиын өтті.

사회적 약자에 대한 지원에 관하여 회의가 진행되었다.

예3> Арал теңізіндегі жағдайдың шешілуі үмітсіз болып көрінеді.

아랄해의 상황은 희망이 없는 것처럼 보인다.

예4> Үкімет жұмыссыз қалған азаматтарға әлеуметтік жәрдемақы береді.

정부는 실직한 국민들에게 사회적 수당을 지급한다.

▶▶ <СӘЛ>

: '약간, 조금, 잠시'의 의미로, 같은 뜻의 단어로는 'БІРАЗ, АЗДАП' 등이 있다.

예1> Жүз пайызға сәл жетпеді. 100%까지 조금 부족하다.

예2> Елімізде азық-түлік бағасы сәл қымбаттаған. 우리나라에서 식료품 가격이 조금 비싸졌다.

예3> Әнші біраз уақыт үзілістен кейін сахнаға қайта оралды.

가수는 잠시 휴식 시간을 가진 후에 무대로 다시 돌아왔다.

예4> Ол чемпион болғанда аздап қызғандым. 그가 챔피언이 되었을 때 조금 질투가 났다.

읽기

Этикеткасына қарап жуыңыз

Әр киімнің этикеткасында оны қалай жуу, кептіру, және сығу керектігі туралы кеңестер жазылады. Оларды оқу үшін белгілердің мағынасын білу маңызды.

Қолмен жуу

Бұл белгі киімді кір жуғыш машинада《қолмен жуу режимінде》жуу немесе қолмен жуу керектігін білдіреді. Сондықтан бұндай белгісі бар киімді қолмен жуған жөн. Кір жуғыш машинаны пайдалансӑңыз, сығу режимінде ең аз шаманы қолданыңыз.

Үтіктеу

Үтік белгісінде бір нүкте болса, бұл киімді төменгі температурада үтіктеген жөн. Екі нүкте орта температураны, ал үш нүкте киімнің жоғары температураларға шыдай алатындығын көрсетеді.

40°

40°, 30° деген белгі киімді жууға болатын температуралық режимді көрсетеді. Белгінің астында сызық болмаса, кір жуғыш машинада максималды сығу режимін қолдансаңыз болады. Ал белгінің астында бір сызық болса, синтетикалық киімдерге арналған режимді қолдануға болатындығын білдіреді.

Дереккөз: https://massaget.kz/kyizdarga/shayra/2150/

라벨을 보고 세탁하세요

각 의류의 라벨에는 해당 상품을 어떻게 세탁하고, 건조하고, 탈수해야 하는지에 대한 조언이 적혀있습니다. 이 조언들을 알기 위해서는 표시들의 의미를 알아야 합니다.

손 세탁

이러한 표시는 옷을 세탁기의 "손 세탁 모드"에서 혹은 손으로 세탁해야 함을 나타냅니다. 그러므로 이 표시가 있는 옷을 손으로 세탁하는 것이 좋습니다. 세탁기를 사용하는 경우, 탈수에서 가장 약한 모드를 사용하세요.

다림질

다리미 표시에 점이 하나 있다면, 이 옷을 저온에서 다림질하는 것이 좋습니다. 2개의 점은 중간 온도를, 3개의 점은 옷이 고온을 견딜 수 있음을 보여줍니다.

40°

40°, 30° 표시는 옷을 세탁할 수 있는 온도를 보여줍니다. 표시 아래에 선이 없다면, 세탁기에서 최대 탈수 모드를 사용해도 됩니다. 반면, 표시 아래에 줄이 있는 경우에는 합성의류 모드로 세탁해야 함을 보여줍니다.

출처: https://massaget.kz/kyizdarga/shayra/2150/

읽기 어휘

Әр	각각의, 모든	Кір жуғыш машина	세탁기	Төмен	아래, 낮은
Этикетка	라벨	Режим	제도, 방식(모드)	Температура	온도
Жуу	빨래하다, 씻다	Білдіру	나타내다, 알리다	Шыдау	참다, 견디다
Кептіру	말리다, 건조시키다	Жөн	옳은, 옳다	Көрсету	보여주다
Сығу	탈수하다, 빨래를 짜다	Пайдалану	사용하다, 이용하다	Сызық	선
Керектік	필요, 필요성	Шама	용량, 크기	Максималды	최대의
Кеңес	조언, 충고	Үтіктеу	다림질하다	Синтетикалық	합성의
Белгі	표시	Нүкте	점, 마침표	Арналған	~을 위한

읽기 연습문제

다음 문장 중 위 글의 내용과 같으면 (O), 다르면 (X)를 표시해주세요.

1 Әр киімнің этикеткасында сол бұйым жасалған жер көрсетіледі. (　　)

모든 옷의 라벨에는 그 상품이 만들어진 장소를 보여줍니다.

2 Киімнің этикеткасында қолдың белгісі болса, ол киімді қолмен жуыңыз керек. (　　)

옷의 라벨에 손 모양이 있으면, 그 옷은 손으로 세탁해야 합니다.

3 Үтік белгісінде екі нүкте болса, киімнің орташа температураға шыдай алатындығын білдіреді. (　　)

다리미 표시에 두개의 점이 있다면, 옷이 중간 온도에서 견딜 수 있음을 나타냅니다.

4 40°, 30° деген белгінің астында сызық болмаса, кір жуғыш машинада жуған кезде максималды сығу режимін қолдансаңыз болады. (　　)

40°, 30° 표시 아래에 선이 없으면, 세탁기에서 최대 탈수 모드를 사용해도 됩니다.

듣기 연습문제

녹음을 들으면서 대화문을 완성해 봅시다.

Гүлназ: Асхат, сіздің костюм кигеніңізді _____ рет көріп тұрмын. Жақсы жарасып тұр. Атақты _____ көрінесіз.

Асхат: Рахмет! _____ _____ галстук таққан жоқпын, ыңғайсыз екен.

Гүлназ: Иә, сіз _____ ыңғайлы кәжуал стилінде киініп жүретін едіңіз.

Асхат: Осындай маңызды іс-шараларда ғана _____ стильде киінемін. Сіздің де көйлегіңіз _____ тұр.

Гүлназ: Мен де көйлекті жиі кимеймін. Шалбар киген _____.

Асхат: Биік _____ туфли кигендіктен, бойыңыз менің иығыма жетіп қалыпты.

Гүлназ: Аяқ киімді _____ алып едім. Өлшемі аяғыма _____ кішкентай екен.

Асхат: Бүгін іс-шарада көп жүретін шығарсыз. _____ ауыратын болды ғой.

Гүлназ: Сол үшін _____ ауыстырып киюге ыңғайлы кроссовка _____ келдім.

말하기 연습문제

<보기>에 있는 단어를 활용하여 아래 대화를 연습해보세요.

보기

көйлек / шалбар / үлкен
туфли / кроссовка / кішкентай
рубашка / футболка / жарық
костюм / спорттық киім / ыңғайсыз

А: _____ әдемі екен! Сізге өте жақсы жарасады.

Ә: _____ жаңадан сатып алдым.

А: Сіз үнемі _____ киіп жүретін едіңіз. Жаңа стиліңіз де жарасады екен!

Ә: Рахмет, ал маған сәл _____.

쓰기 연습문제

1. 아래 <보기>와 같이 괄호안의 단어를 활용하여 반대말을 완성하세요.

보기 ***(Білім-адам)*** білімді адам ↔ білімсіз адам

1) *(Зиян-тағамдар)* _____ ↔ _____
2) *(Жел-түн)* _____ ↔ _____
3) *(Жұмыс-адам)* _____ ↔ _____
4) *(Дәм-ет)* _____ ↔ _____

2. 아래 단어를 배열하여 올바른 문장을 만드세요.

1) Асан, өтіп, көрмегендей, кетті, ешкімді

_____

2) ойланып, шетелде, бе, оқу, жайында, көптен, жүрсіз, бері, ?

_____

3) таң, жақсы, ол, күтпегендей, қалды, нәтиже

_____

3. <보기>의 단어를 활용하여 문장을 완성하세요.

보기 көйлекті, ыңғайсыз, кеңесіне, температураны

1) Жаңа сатып алған ұялы телефоным әдемі және бағасы да жақсы, бірақ _____.
2) Үйлену тойға қыздарға ақ _____ киіп баруларына болмайды.
3) Өкінішке орай, ол ешкімнің _____ құлақ аспады.
4) Дәмді сорпаны дайындау үшін _____ төмендетіп, ұзақ уақыт қайнату керек.

쓰기 연습문제

4. 아래 문장을 한국어로 번역하세요.

1) Көптен бері көрінбей кеттіңіз ғой?

_____

2) Ол бұл туралы ешқашан ойламағандай таң қалды.

_____

3) Мен арыстанды алғаш көргенде сәл қорықтым.

_____

5. 한국어 해석에 맞게 문장을 완성해보세요.

Айгүл _____ көздеп жүрген көйлекті сатып алды.

① көптен бері

② көбінесе

③ сәл

④ ыңғайсыз

문화 들여다보기

Отырар – көне сауда орталығы

Отырар – Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі екі мың жылдан асатын тарихы бар көне қала. Қазіргі Шымкент қаласынан 2 сағаттық қашықтықта орналасқан. Кезінде «ұзындығы мен еніне қарай шамамен бір күндік жерді алатындай» аумағы бар Отырар қаласының орнынан қазір ежелгі қамалдар мен құрылыстың үйінділерін ғана көруге болады. Оны ашық аспан аясындағы мұражай деп те атайды.

Отырардың қазақ халқы үшін орны ерекше. Ол Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ірі сауда орталығы болған. Көне қала тұрғындары көшпелі тайпалармен сауда жасап, Иран мен Орта Азиядан Сібірге, Моңғолия мен Қытайға қатынайтын Ұлы Жібек жолындағы маңызды сауда қаласы қызметін атқарған. XII ғасырда Хорезмшах империясы

құрамында болған Отырар Қазақ хандығының саяси және мәдени орталығы болған. Алайда XIII ғасырдағы Шыңғыс хан өзінің әскерімен Орта Азияға аттануы нәтижесінде Отырар тұрғындарын өлтіріп, қаланы ойсырата қиратқан. Қала XV ғасырға таман қайта құрылып, Қазақ хандығының басты қалаларының біріне айналды. Алайда XVIII ғасырдың аяғында жоңғар әскерінің шапқыншылығынан кейін Отырар қаласы қайта қиратылады. Кезінде қала жанынан Әмір Темірдің бұйрығымен әйгілі Арыстан баб кесенесі тұрғызылды. Бұл кесене сол кезде қаланың ең көркінді жерлерінің бірі болып саналды, қазір де Қазақстандағы әлемнің түкпір-түкпірінен келетін туристтер үшін де, жалпы түркі тілдес халықтар үшін де киелі де ерекше орындардың бірі. Бұл нысан мемлекеттің қарауына алынған тарихи сәулет өнерінің ескерткіші болып табылады.

Әлемнің екінші ұстазы атанған әйгілі Әл-Фарабидің туған жері саналатын Отырар қаласының аты Қазақстанның рухани туризм орталығы ретінде қазір қайта жаңғыруда.

기타 관련 어휘

Футболка	티셔츠	Шәркей	슬리퍼	Бейсболка	캡모자
Ішкөйлек, майка	나시티	Көзілдірік	안경	Әмиян	지갑
Шұлық	양말	Күрте	점퍼	Сандалет	샌들
Ішкиім	속옷	Пижама	잠옷	(жазғы жеңіл	
Джинс шалбары	청바지	Жүзу киімі	수영복	аяқ киім)	
Белдемше	치마	Қолғап	장갑	Күннен қорғайтын	선글라스
Қысқа шалбар	반바지	Шарф	목도리	көзілдірік	
Жемпір	스웨터	Белдік	허리띠		
Сағат	시계	Рюкзак	백팩		

САБАҚ

11 ДЕМАЛЫС КҮНІ НЕ ІСТЕДІҢІЗ?

주말에 뭐하셨어요?

학습목표

1. 여가시간에 관한 이야기를 나눌 수 있다.
2. 도구격(조격)을 활용하여 '-와 함께'의 의미를 갖는 표현을 만들 수 있다.
3. 탈격을 활용하여 '-보다는'의 의미를 갖는 표현을 사용할 수 있다.
4. 영화 관련 텍스트를 이해하고, 관련 어휘를 활용할 수 있다.

핵심구문 익히기

<단어 + -мен/-бен/-пен ∨ бірге>

'-와 함께'

Досыммен бірге кинотеатрға бардық.

친구와 함께 영화관에 갔어요.

дос(친구) + ым + мен ∨ бірге

<단어 ∨ мен/бен/пен ∨ 단어>

'그리고'

Фильмнің соңында басты рөлдердегі *қыз бен жігіт* қосылады ма?

영화 마지막에 주인공을 맡은 소녀와 소년이 연결되나요?

қыз(소녀) ∨ бен ∨ жігіт(소년)

<숫자 + -ау/-еу>

'집합수 (біреу, екеу, үшеу...)'

Екеуі ұзақ жыл өткен соң қайта кездесті.

그 둘은 수년 후에 다시 만났어요.

Екі(2) + еу + і

<단어 + -нан/-нен/-дан/-ден/-тан/-тен ∨ гөрі>

'-보다(는)'

Маған *комедиядан гөрі* триллер немесе детектив жанрындағы фильмдер ұнайды.

저는 코미디 보다는 스릴러나 탐정물을 좋아해요.

Комедия(코미디) + дан ∨ гөрі

대화문

Арсен: Демалыс күні не істедіңіз?

Дана: *Досыммен бірге кинотеатрға бардық*.

Арсен: Қандай фильм көрдіңіздер?

Дана: «Есіңде ме сол бір кез?» деген фильмге бардық.

Арсен: Фильм не туралы? Әлеуметтік желілерде бәрі қызық деп жатыр ғой.

Дана: Алғашқы махаббат туралы. Күлкілі жерлері де бар. Романтикалық комедия жанрындағы фильм.

Арсен: *Фильмнің соңында басты рөлдердегі қыз бен жігіт қосылады ма*?

Дана: Екеуі ұзақ жыл өткен соң қайта кездеседі. Кездескен сәтте фильм бітіп қалды.

Арсен Онда қызық емес қой. *Маған комедиядан гөрі триллер немесе детектив жанрындағы фильмдер ұнайды*.

Дана: Жақында «Көрші үйдің көлеңкесі» атты фильм шықты.

Арсен: *Ертең екеуіміз бірге көруге қалай қарайсыз*?

Дана: Трейлерін көріп едім, сәл қорқынышты фильм сияқты көрінді. Барып көрейік.

Арсен: 휴일에 뭐하셨어요?

Дана: 친구와 함께 영화관에 갔어요.

Арсен: 어떤 영화를 보셨어요?

Дана: «기억나 그때?»라는 영화를 보러 갔어요.

Арсен: 어떤 영화예요? SNS에서 전부 재밌다고 하더라고요.

Дана: 첫사랑에 대한 영화예요. 맞아요, 어떤 부분은 재밌어요. 로맨틱 코미디 장르 영화예요.

Арсен: 영화 마지막에 주인공을 맡은 소녀와 소년이 연결되나요?

Дана: 그 둘은 수년 후에 다시 만났어요. 그들이 만났을 때 영화가 끝나버렸어요.

Арсен: 그럼 재미없잖아요. 저는 코미디보다는 스릴러나 탐정물을 좋아해요.

Дана: 최근에 «이웃집의 그늘» 이라는 영화가 개봉했어요.

Арсен: 내일 둘이 같이 보러 가는거 어때요?

Дана: 예고편을 봤는데, 살짝 무서운 영화 같아 보였어요. 가보죠!

대화문 어휘

Демалыс күні	휴일	Комедия	코미디	Детектив	탐정물
Кинотеатр	영화관	Жанр	장르	Жақында	최근에
Фильм	영화	Соңында	~의 마지막에, 끝에	Көрші	이웃
Ес	기억	Басты рөл	주연, 주인공	Көлеңке	그림자, 그늘
Әлеуметтік желі	SNS	Қосылу	연결되다	(Фильм) шығу	(영화) 개봉하다
Бәрі	전부, 모두	Ұзақ	긴	Қарау	보다
Қызық	재미있는, 재미있다	Өту	(시간이) 지나다	Трейлер	예고편(Trailer)
Алғашқы	첫번째의, 최초의	Қайта	다시	Қорқынышты	무서운
Махаббат	사랑	Кездесу	만나다	Сияқты	~인 것 같다
Кейбір	일부의, 어떤	Сәт	순간, 때	Көріну	보이다
Күлкілі	웃긴, 재미있는	Бітіп қалу	끝나버리다		
Романтикалық	로맨틱한	Триллер	스릴러		

▶▶ <단어 + -МЕН/-БЕН/-ПЕН ∨ БІРГЕ>

: '-와 함께, -와 같이'의 의미로, 도구격(조격)과 함께 쓰인다.

끝소리	
모음, й, л, р, у, м, н, ң	-мен
з, ж	-бен
무성음, б, в, г, ғ, д	-пен

예1> Оқушылармен бірге қала сыртына демалысқа шықтық.

학생들과 함께 교외로 휴식차 나갔다.

예2> Менімен бірге билейсіз бе? 나랑 같이 춤출래요?

예3> Жаңа жылда жақсы көрген адаммен бірге киноға бардым.

새해에 좋아하는 사람과 함께 영화관에 갔다.

예4> Қазір ата-анаммен бірге тұрып жатырмын. 지금 부모님과 함께 살고 있다.

▶▶ <단어 ∨ МЕН/БЕН/ПЕН ∨ 단어>

: '그리고'의 의미로, 끝소리에 따른 규칙은 '도구격(조격)'과 동일하다. 같은 표현으로는 'ЖӘНЕ' 가 있다.

예1> Наурызда күн мен түн теңеледі. 나우르즈에는 낮과 밤의 길이가 같아진다.

예2> Ағам мен әпкем Медеуде шаңғы тебеді. 형과 누나는 메데우에서 스키를 탄다.

예3> Асқар мен Айдана сабаққа кешігіп келді. 아스카르와 아이다나는 수업에 늦게 왔다.

예4> Қуаныш пен қайғы қатар жүреді. 기쁨과 슬픔은 함께 온다.

▶▶ <숫자+-АУ/-ЕУ>

: 기수의 마지막에 -АУ/-ЕУ를 붙이는 방식으로 만들어지며, 숫자 7까지만 존재한다.

기수	집합수
Бір	Біреу
Екі	Екеу
Үш	Үшеу
Төрт	Төртеу
Бес	Бесеу
Алты	Алтау
Жеті	Жетеу

예1> Балалар доптарды «біреу, екеу» деп санай бастады.

아이들을 공을 '한개, 두개' 세기 시작했다.

예2> Топтан біреу ғана жақында үйленді. 팀에서 한 명만 최근 결혼했다.

예3> Он студенттің бесеуінде көллік бар. 학생 열명 중 다섯 명이 차를 가지고 있다.

예4> Бес алманың екеуі шіріген. 사과 다섯개 중 두개가 썩었다.

▶▶ <단어 + -НАН/-НЕН/-ДАН/-ДЕН/-ТАН/-ТЕН ∨ ГӨРІ>

: '-보다(는)'의 의미로, 탈격과 함께 쓰인다.

끝소리	강모음 / 약모음
모음, р, л, й, у, з, ж	-дан / -ден
м, н, ң 3인칭 소유어미 (ы, і)	-нан / -нен
무성음, б, в, г, ғ, д	-тан / -тен

예1> Ол шалбардан гөрі көйлек жиі киеді. 그녀는 바지보다는 원피스를 자주 입는다.

예2> Үміттен гөрі күдік көп. 희망보다 의심이 많다.

예3> Бесбармақта еттен гөрі қамыр көбірек. 베스바르막에 고기보다 반죽이 더 많다.

예4> Жазда Астана Сеулден гөрі салқынырақ. 여름에 아스타나는 서울보다 더 쌀쌀하다.

«Менің атым Қожа» фильмі

Авторы: Бердібек Соқпақбаев
Режиссёрі: Абдолла Қарсақбаев
Басты рөлде: Нұрлан Сегізбаев
Композиторы: Нұрғиса Тілендиев
Шыққан жылы: 1963 жыл
Жанры: Комедия
Марапат: Канн кинофестивалінің арнайы сыйлығы (1967)
Ұзақтығы: 86 минут

Сюжеті: Фильмде соғыстан кейінгі қазақ ауылы өмірі бейнеленеді. Кішкентай Қожаның мектепте бастан кешкен әртүрлі қызықты оқиғалары көрсетіледі. Бас кейіпкер сыныптас қызға ғашық болып, оған ұнауға тырысады. Қожа өзінің жасаған бұзықтығының бәрі әкесіз өскендігінен деп ойлайды. Фильмде соғыстан кейінгі кезеңде әкесіз өскен балалардың жан-дүниесі суреттеледі.

영화 “내 이름은 코자”

작가: 베르드벡 속팍바예프
감독: 압돌라 카르삭바예프
주연: 누를란 셰그즈바예프
음악 감독: 누르기사 틀렌디예프
상영 년도: 1963년
장르: 코미디
수상: 칸 영화제 특별상(1967)
상영시간: 86 분

줄거리: 영화는 전쟁 이후 카자흐 시골을 묘사한다. 어린 코자의 학교에서 있었던 다양하고 재미있는 사건들이 보여진다. 주인공은 동급생 소녀에게 사랑에 빠져 그녀의 마음에 들기 위해 노력한다. 코자는 자신이 한 모든 나쁜 행동이 아버지 없이 자랐기 때문이라고 생각한다. 영화에서는 전쟁 이후 시기 아버지 없이 자란 아이들의 모습이 그려진다.

읽기 어휘

Автор	작가	Соғыс	전쟁	Ғашық болу	사랑에 빠지다
Режиссёр	감독	Ауыл	시골, 지방	Ұнау	좋아하다
Басты рөл	주연	Бейнелену	묘사되다, 그려지다	Тырысу	노력하다
Композитор	작곡가	Әртүрлі	다양한	Бұзықтық	못된 짓, 나쁜 짓
Шыққан жылы	개봉 년도	Қызықты	재미있는	Әкесіз	아버지가 없는
Жанр	장르	Оқиға	사건	Өсу	자라다
Марапат	수상	Көрсетілу	보여지다, 알려지다	Кезең	시절
Ұзақтық	길이	Бас кейіпкер	주인공	Жан-дүние	성격(천성), 마음
Сюжет	줄거리	Сыныптас	동급생	Суреттелу	그려지다, 묘사되다

읽기 연습문제

다음 문장 중 위 글의 내용과 같으면 (O), 다르면 (X)를 표시해주세요.

1 «Менің атым Қожа» фильмі 1967 жылы шыққан. ( )

영화 “내 이름은 코자”는 1967년 개봉했다.

2 Фильмде соғыстан кейінгі қазақ ауылы суреттеледі. ( )

영화는 전쟁 이후 카자흐 시골의 모습을 묘사한다.

3 Фильмде Қожа өзінің жасаған бұзықтығын анасыз өскендігінен деп ойлайды. ( )

영화에서 코자는 자신이 한 나쁜 행동이 어머니 없이 자랐기 때문이라고 생각한다.

4 Фильмде Қожа сыныптас қызға ғашық болады. ( )

영화에서 코자는 동급생 소녀에게 사랑에 빠진다.

듣기 연습문제

녹음을 들으면서 대화문을 완성해 봅시다.

Арсен: Демалыс күні не істедіңіз?

Дана: _____ _____ кинотеатрға бардық.

Арсен: Қандай фильм көрдіңіздер?

Дана: «Есіңде ме сол бір кез?» деген _____ бардық.

Арсен: Фильм не туралы? _____ желілерде бәрі қызық деп жатыр ғой.

Дана: Алғашқы _____ туралы. Күлкілі жерлері де бар.

_____ комедия жанрындағы фильм.

Арсен: Фильмнің _____ басты рөлдердегі қыз бен жігіт қосылады ма?

Дана: _____ ұзақ жыл өткен соң қайта кездеседі.

Кездескен _____ фильм бітіп қалды.

Арсен Онда қызық емес қой. Маған _____ _____ триллер немесе детектив жанрындағы фильмдер ұнайды.

Дана: Жақында «Көрші үйдің көлеңкесі» атты фильм _____.

Арсен: Ертең _____ бірге көруге қалай қарайсыз?

Дана: Трейлерін көріп едім, сәл _____ фильм сияқты көрінді.

Барып көрейік.

말하기 연습문제

<보기>에 있는 단어를 활용하여 주말에 한 일을 설명하는 대화를 연습해보세요.

보기

Не істеу? - Кіммен?

Ойын-сауық саябағы - Дос

Көрме - Ата-ана

Коньки тебу - Балалар

Мұражайға барып, экскурсияда жүру - Студенттер

А: Осы демалыс күні не істедіңіз?

Ә: _____ барып келдім.

А: Кіммен бірге бардыңыз?

Ә: _____ бірге уақытты қызықты өткіздім.

쓰기 연습문제

1. 알맞은 형태의 도구격(조격) 조사를 골라 문장을 완성하세요.

1) Үстелде кітап (мен / бен / пен) қалам жатыр.

2) Дүкенге барып, шай (мен / бен / пен) қант сатып ал.

3) Дәміне қарай тұз (мен / бен / пен) бұрышты қосуға болады.

4) Тойға бару үшін жаңа костюм (мен / бен / пен) аяқ киімді сатып алдым.

2. <보기>의 단어를 활용하여 문장을 완성하세요.

보기 алғашқы, ұзақтығы, бітіп қалды, қорқынышты

1) Интернет дүкен арқылы қымбат заттарға тапсырыс бергендіктен ақшам тез _____.

2) _____ тіс қашан шығады?

3) Қазақстан халқының орташа өмір сүру _____ 74 жасқа жетті.

4) Мен кеше түнде _____ түс көріп, шошып ояндым.

3. 아래 단어를 배열하여 올바른 문장을 만드세요.

1) бірге, демалыста, ағаммен, келдім, ауылға, барып

_____

2) керек, үлкендермен, балалар, жүру, бірге

_____

3) досым, құттықтау, әкелді, бірге, сыйлықты хатпен

_____

쓰기 연습문제

4. 아래 문장을 한국어로 번역하세요.

1) Ол кітапханаға барудан гөрі спортзалға барғанды жақсы көреді.

_____.

2) Маған суық сусыннан гөрі ыстық шай ұнайды.

_____.

3) Ол кітаптан гөрі тәжірибені жоғары бағалайды.

_____.

5. 아래 한국어 뜻에 맞게 빈칸을 완성하세요.

1) 강아지 여섯마리 중 두마리가 까맣다.

→ Алты иттің _____ ғана қара.

2) 달걀 다섯개 중 세개가 깨졌다.

→ Бес жұмыртқаның _____ сынды.

3) 열개 문제 중 다섯개는 쉬웠다.

→ Он сұрақтың _____ оңай болды.

문화 들여다보기

КТК және «Жайдарман»

Қазақта «күле білу-өмір, күлдіре білу-өнер» деген жақсы сөз бар. Әзіл арқылы қазіргі қоғамда орын алып жатқан оқиғаларды халыққа жеткізіп, халық дәстүрі мен мәдени құндылықтарын сақтауға үлесін қосып келе жатқан жастар бастамасының бірі – «Көңілді тапқарлар клубы». Ол 1961 жылдан бастап Ресейде «Клуб веселых и находчивых-КВН» деген атаумен теледидардан көрсетіле бастаған әзіл-сықақ бағдарламасының Қазақстанда қазақ тілінде жалғасын тапқан жастар бірлестігі болып табылады. Алайда КТК атауы орыс тілінен аударылған деген себеппен көпшілік халықтың қолдауына ие болмай, оған кейін «Жайдарман» деген қазақи атау берілді.

Бүгінде қазақша «Жайдарман» еліміздегі ең үлкен жастар жобаларының біріне айналып үлгерді. Қазақстан бойынша қазақ тілінде ойнайтын 200-ге жуық студенттік, 500-ден астам оқушылар құрамалары бар екен. Бүгінгі «Жайдарманда» саясатқа, экономикаға, еліміздің әлеуеті мен қоғам арасындағы түрлі келеңсіздіктерге байланысты сыни әзілдер айтылады. Сонымен қатар қазақ тілінің дамуына өз үлесін қосу, жастардың шығармашылық қабілетін арттыру, сахна мәдениетіне тәрбиелеу жағынан «Жайдарманның» қазақ жастарына тигізетін әсері орасан зор. «Жайдарман» ойындарының халық арасында танымал болуына «Қазақстан» ұлттық арнасында әр апта сайын эфирге шығатыны себеп болды. Бүгінгі жастар үшін 20 жылдық тарихы бар «Жайдарман» жобасы қоғамда болып жатқан өзгерістерді, жаңалықтарды халыққа әзіл-сықақ түрінде жеткізетін құрал ретінде маңызды қызмет атқарып келе жатыр.

사진 출처: https://tv7.kz/ru/projects/jaidarman

기타 관련 어휘

Театр	극장	Әуежай	공항
Сауда орталығы	쇼핑센터	Кітапхана	도서관
Субұрқақ	분수대	Саябақ	공원
Наубайхана	베이커리	Ғибадатхана	절
Базар	시장	Синагога	유대교 회당
Банк	은행	Шіркеу	교회
Ет дүкен	정육점	Мешіт	이슬람 사원
Жағажай	해변	Көпір	다리, 교량
Супермаркет	슈퍼마켓	Оптика	안경점
Зәулім үй	마천루	Аялдама	정류장
Әкімдік	시청	Ескерткіш	동상

САБАҚ
12

НЕ ІСТЕСЕМ БОЛАДЫ?

어떻게 하면 좋을까?

학습목표

1. 고민과 조언에 관한 이야기를 나눌 수 있다.
2. 불확실한 미래시제와 의도적 미래시제를 사용하여 문장을 구성할 수 있다.
3. 다양한 소유 표현을 사용할 수 있다.
4. 유학과 관련된 텍스트를 이해하고, 관련 어휘를 활용할 수 있다.

핵심구문 익히기

<사람/사물 + -нікі/-дікі/-тікі>

'-의 것'

Менікі ме?

내 꺼야?

менікі (나의 것)

<분야/일 + -мен/-бен/-пен ∨ айналысу>

'-하며 지내다, -에 종사하다'

Егер кейін *ғылыммен айналысатын* болсаң,

만약 나중에 학술 분야에 종사할 거라면,

ғылым(학술, 학문) + мен ∨ айналысу(종사하다) + атын

<동사 어간 + -ар/-ер/-р + 인칭종결어미>

'-일 것이다(불확실한 미래시제)'

Тәжірибе жинағаның жөн *болар*.

경험을 쌓는게 좋을거야.

жөн болу(옳게 되다, 좋다) + ар

<동사 어간 + -мақ/-мек/-бақ/-бек/-пақ/-пек

+ (-шы/-ші(강조)) + 인칭종결어미>

'-할 계획이다, -할 예정이다(의도적 미래시제)'

Мен де келесі жылы шетелге оқуға *түспекшімін*.

나도 내년에 유학 가려고 계획하고 있어.

түсу(입학하다) + пек + ші + мін

대화문

Әлихан: Салтанат, өткенде хабарласқанда Кореяда қыдырып жүр едің ғой. Қалай барып қайттың?

Салтанат: Иә, жақсы барып келдім. Саған сыйлық әкелдім! Міне.

Әлихан: *Менікі ме*? Рахмет! Сапардан қандай әсер алдың?

Салтанат: Университет бітірген соң Корея университетіне магистратураға түсем бе деп ойлап отырмын.

Әлихан: Болашақта қай салада жұмыс істегің келеді?

Салтанат: Ғылыми бағытта жұмыс істегім келеді. Не істесем болады?

Әлихан: *Егер кейін ғылыммен айналысатын болсаң*, қазірден бастап мақала жазып, *тәжірибе жинағаның жөн болар*.

Салтанат: Мен де солай ойлаймын. Дұрыстап дайындалуым керек.

Әлихан: *Мен де келесі жылы шетелге оқуға түспекшімін*. Бірақ алдымен осында шет тілі білімімді жетілдіріп, оқуға кейінірек барғаным дұрыс сияқты. Қалай ойлайсың?

Салтанат: Тілді шетелге барып сол ортада жүрсең, тезірек үйренесің ғой.

Әлихан: Иә, дұрыс айтасың. Ойланып көрейін. Кеңесіңе көп рахмет!

Әлихан: 살타낫, 지난번에 연락했을 때 한국 여행 중이라고 했었잖아. 잘 다녀왔어?

Салтанат: 응, 잘 다녀왔어. 네 선물 사왔어. 여기.

Әлихан: 내꺼야? 고마워! 여행에서 어떤 인상을 받았어?

Салтанат: 대학을 졸업하고 나서 한국에 있는 대학원에 입학하면 어떨까 생각하고 있어.

Әлихан: 앞으로 어느 분야에서 일하고 싶어?

Салтанат: 학술 쪽에서 일하고 싶어. 어떻게 하면 좋을까?

Әлихан: 만약 나중에 학술 분야에 종사할 거라면, 지금부터 논문을 쓰고 경험을 쌓는게 좋을거야.

Салтанат: 나도 그렇게 생각해. 제대로 준비해야겠어.

Әлихан: 나도 내년에 유학 가려고 계획하고 있어. 그런데 그 전에 여기서 외국어를 실력을 키우고, 나중에 공부하러 가는게 나을 것 같아. 어떻게 생각해?

Салтанат: 언어는 외국에 가서 그 환경에서 지내다 보면 더 빨리 배울 수 있어.

Әлихан: 응, 네 말이 맞네. 생각해볼게. 조언해줘서 고마워!

대화문 어휘

Өткенде	지난번에	Болашақ	미래	Келесі жыл	내년
Хабарласу	연락하다, 알리다	Сала	분야	Шетел	외국, 외국의
Қыдыру	산책하다, 돌아다니다	Ғылым	학문, 과학	Алдымен	먼저
Қайту	돌아오다	Бағыт	방향	Шет тілі	외국어
Сыйлық	선물	Егер	만약	Жетілдіру	발전시키다, 완성시키다
Міне	여기	Айналысу	~하며 시간을 보내다, 전념하다, 종사하다	Кейінірек	나중에
Менікі	내 것			Ортада	중심에, 가운데
Сапар	여행	Мақала	논문, 기사	Тезірек	더 빨리
Әсер	영향, 인상	Тәжірибе	경험	Ойлану	생각하다(재귀)
Бітіру	끝내다	Жинау	모으다	Кеңес	조언, 충고
Магистратура	대학원, 석사	Жөн	옳은, 옳다		
Түсу	들어가다, 입학하다	Дұрыстау	올바르게 하다		
	내리다, 떨어지다	Дайындалу	(스스로를) 준비하다		

▶▶ <사람/사물 + -НІКІ/-ДІКІ/-ТІКІ>

: '-의 것'의 의미이다. 소유를 나타내는 또 다른 표현으로, 약모음 형태만 사용되는 것에 유의해야 한다.

끝소리	
모음 (и, ю 제외)	нікі
з, ж, р, л, й, у, м, н, ң, и, ю	дікі
무성음, б, в, г, ғ, д	тікі

예1> Сыртта тұрған көлік Серіктікі. 바깥에 서있는 차는 세릭의 것이다.

예2> Мектептегі кітаптардың көбі оқушылардікі. 학교에 있는 책들의 대부분은 학생의 것이다.

: 인칭 대명사별 소유 표현은 아래와 같다.

Мен	Менің	Менікі	Біз	Біздің	Біздікі
Сен	Сенің	Сенікі	Сендер	Сендердің	Сендердікі
Сіз	Сіздің	Сіздікі	Сіздер	Сіздердің	Сіздердікі
Ол	Оның	Онікі	Олар	Олардың	Олардікі

예1> Мына қолғап менікі ме? 이 장갑 내 꺼야?

예2> Бұл олардың мәселесі, біздікі емес. 이건 그들의 문제야, 우리의 문제가 아니야.

▶▶ <분야/일 + -МЕН/-БЕН/-ПЕН ∨ АЙНАЛЫСУ>

: '-하며 지내다, -에 종사하다'의 의미로, 조격(도구격)과 함께 쓰인다.

끝소리	
모음, й, л, р, у, м, н, ң	-мен
з, ж	-бен
무성음, б, в, г, ғ, д	-пен

예1> Мен бизнеспен айналысамын. 나는 사업을 한다.

예2> Кандай жұмыспен айналысып жүрсіз? 지금 어떤 일을 하고 계세요?

예3> Мен дәрігерлікпен айналысқым келеді. 나는 의사가 되고 싶다.

예4> Сен жақсы көретін іспен айналысатын болсаң, өзіңе деген сенім артады.

네가 좋아하는 일을 하고 있다면, 자신에 대한 믿음이 커질 것이다.

▶▶ <동사 어간 + -АР/-ЕР/-Р + 인칭종결어미>

: '-일 것이다'의 의미로, 불확실한 미래를 표현할 때 사용한다. (불확실한 미래시제/인칭종결어미 1형)

인칭	인칭종결어미 1	인칭	인칭종결어미 1
Мен	-мын, -мін (모음, л, р, й, у, м, н, ң) -бын, -бін (з, ж) -пын, -пін (무성음, б, в, г, ғ, д)	Біз	-мыз, -міз (모음, л, р, й, у) -быз, -біз (м, н, ң, з, ж) -пыз, -піз (무성음, б, в, г, ғ, д)
Сен	-сың, -сің	Сендер	-сыңдар, -сіңдер
Сіз	-сыз, -сіз	Сіздер	-сыздар, -сіздер
Ол	-	Олар	-

예1> Мен ертең Асанға барармын. 나는 내일 아산에게 갈 것이다.

예2> Жаңа көшіп келген көршім мені тойға шақырар. 새로 이사 온 이웃이 나를 파티에 초대할 것이다.

예3> Мен келесі жылы Қазақстанға барармын. 나는 내년에 카자흐스탄에 갈 것이다.

예4> Сіздер биыл кітаптарды аударарсыздар. 너희들은 올해 책들을 번역할 것이다.

▶▶ <동사 어간 + -МАҚ/-МЕК/-БАҚ/-БЕК/-ПАҚ/-ПЕК + (-шы/-ші(강조)) + 인칭종결어미>

: '-할 계획이다, -할 예정이다'의 의미로, 미래의 의도적 행위를 표현할 때 사용한다.

(의도적 미래시제/인칭종결어미 1형)

예1> Астанада мен Алмамен кездеспекшімін. 나는 아스타나에서 알마와 함께 만날 예정이다.

예2> Ол маған кітабын көрсетпек. 그는 나에게 책을 보여줄 예정이다.

예3> Мен күнде саябақта қыдырмақпын. 나는 매일 공원을 산책할 계획이다.

예4> Сендер дүкеннен не алмақсыңдар? 너희들은 가게에서 무엇을 살 계획이야?

읽기

Шетелде оқудың артықшылықтары

Мыңдаған студенттер шетелде білім алып, басқа елдің университеттеріне түсіп, білім алғандықтары туралы диплом алады. Шетелде оқудың көптеген артықшылықтары бар. Төменде негізгі артықшылықтарын қарастырайық:

1. Жаңа әлемді тани аласыз.

Шетелде оқуды ойластырудың ең үлкен артықшылығы – жаңа елдерге барып, әлемді көру мүмкіндігі. Шетелде оқу арқылы сіз мәдениеті, дәстүр мен әдет-ғұрыптары бейтаныс мүлдем жаңа елмен танысасыз және сезіне аласыз. Сонымен қатар шетелге шыққанда, сіз оқып жатқан елде ғана саяхаттаумен шектелмей, көрші елдерді де көруге болады.

2. Тілдік дағдыларыңызды жетілдіре аласыз.

Шетелде оқу сізге оқитын тілді толықтай меңгеруге мүмкіндік береді. Университетіңіз сізге ресми білім беру үшін тіл курстарын ұсынады. Сонымен бірге күнделікті өмірде де әртүрлі адамдармен кездесіп, сөйлеу дағдысын дамытатын жағдайлар да көп туындайды.

유학의 이점

수천 명의 학생들이 해외에서 교육을 받고, 다른 나라의 대학에 입학하여 학위를 받습니다. 유학은 많은 이점을 가지고 있습니다. 아래 주요 이점에 대해 살펴봅시다.

1. 새로운 세상을 알 수 있습니다.

유학을 고려하는데 있어 가장 큰 이점은 새로운 나라에 가서 세상을 볼 수 있는 기회라는 점입니다. 유학을 통해 문화, 전통, 관습 등 전혀 알지 못했던 새로운 나라를 경험하고 느낄 수 있습니다. 이와 더불어, 외국에 나가면 당신이 유학하고 있는 나라를 여행하는 것뿐만 아니라, 이웃 국가들도 경험할 수 있습니다.

2. 언어 능력을 향상시킬 수 있습니다.

유학은 당신이 새로운 언어를 완벽히 익힐 수 있는 기회를 줍니다. 당신이 공부하고 있는 대학은 당신에게 정규 교육을 위한 어학 코스를 제안할 것입니다. 이와 함께 생활 속에서도 다양한 사람들과 만나 회화 능력을 향상시킬 수 있는 상황과 여러차례 마주할 것입니다.

읽기 어휘

Артықшылық	이점, 장점	Мәдениет	문화	Тілдік дағды	언어 능력
Мыңдаған	수 천의	Әдет-ғұрып	전통, 관습	Жетілдіру	발전시키다, 완성시키다
Білім алу	교육받다	Бейтаныс	알지 못하는, 낯선	Толықтай	완전히
Диплом	학위, 졸업장	Мүлдем	완전히, 전혀	Меңгеру	습득하다, 통달하다
Көптеген	많은	Танысу	(서로) 알게되다	Ресми	공식적인
Төмен	아래	Сезіну	느끼다, 경험하다	Курс	과정, 학년
Әлем	세상, 세계	Сонымен қатар	이와 더불어	Күделікті	날마다
Тану	알다, 알아보다	Саяхаттау	여행하다	Ұсыну	추천하다, 선사하다
Ойластыру	생각하게 하다	Шектелу	제한하다, 한정하다	Жағдай	상황
Мүмкіндік	가능성, 기회	Көрші	이웃	Туындау	일어나다, 발생하다

읽기 연습문제

다음 문장 중 위 글의 내용과 같으면 (O), 다르면 (X)를 표시해주세요.

1 Мыңдаған студенттер басқа елдің университетіне түседі, бірақ диплом ала алмайды. (　　)

수천 명의 학생이 다른 나라의 대학에 입학하지만, 학위를 받을 수 없다.

2 Шетелде оқу жаңа әлемді көру мүмкіндігін береді. (　　)

유학은 새로운 세계를 볼 수 있는 기회를 준다.

3 Шетелде оқитын студенттер көрші елдерге саяхатқа баруға бара алады. (　　)

외국에서 공부하는 학생들은 이웃 국가들로 여행을 갈 수 있다.

4 Шетелде оқыса, тілдік дағдыларды жетілдіре алады. (　　)

외국에서 공부하면, 언어 능력을 발전시킬 수 있다.

듣기 연습문제

녹음을 들으면서 대화문을 완성해 бақ시다.

Әлихан: Салтанат, өткенде хабарласқанда Кореяда _____ жүр едің ғой. Қалай барып қайтың?

Салтанат: Иә, жақсы барып келдім. _____ сыйлық әкелдім! Міне.

Әлихан: _____ ме? Рахмет! Сапардан қандай әсер алдың?

Салтанат: Университет _____ _____ Корея университетіне түсем бе деп ойлап отырмын.

Әлихан: Болашақта қай _____ жұмыс істегің келеді?

Салтанат: Ғылыми _____ жұмыс істегім келеді.

Не _____ болады?

Әлихан: Егер кейін _____ айналысатын болсаң, қазірден бастап мақала жазып, тәжірибе жинағаның жөн болар.

Салтанат: Мен де солай _____. Дұрыстап дайындалуым керек.

Әлихан: Мен де _____ жылы шетелге оқуға түспекшімін. Бірақ алдымен осында шет тілі білімімді _____, оқуға кейінірек барғаным дұрыс сияқты. _____ ойлайсың?

Салтанат: Тілді шетелге барып, сол _____ жүрсең, тезірек үйренесің ғой.

Әлихан: Иә, дұрыс _____. Ойланып көрейін.

_____ көп рахмет!

말하기 연습문제

<보기>에 있는 단어를 활용하여 자신의 고민을 상대방에게 설명해보세요.

보기

Саудамен айналысу
Шетелге оқуға бару
Бизнеспен ақша табу
Тұрмысқа шығу, үйлену
Күшікті асырау
Сабаққа бармай концертке бару
Жаңа сөмка сатып алу
Жақсы көрген адамды кездесуге шақыру

Менің сізбен ақылдасқым келетін бір мәселем бар.

_____.

Қалай ойлайсыз?

Не істесем болады?

Кеңес бере аласыз ба?

쓰기 연습문제

1. <보기>와 같이 괄호 안의 단어를 활용하여 알맞은 소유 형태를 만드세요.

보기

Q: Бұл дәптер кімдікі? *(Асан)*
A1: Бұл Асанның дәптері.
A2: Бұл Асандікі.

1) Бұл камера кімдікі? *(Әкем)*
Бұл _____. / Бұл _____.
2) Бұл журнал кімдікі? *(Әлия)*
Бұл _____. / Бұл _____.
3) Бұл қолшатыр кімдікі? *(Мұғалім)*
Бұл _____. / Бұл _____.
4) Бұл аяқ киім кімдікі? *(Салтанат)*
Бұл _____. / Бұл _____.

2. <보기>의 단어를 활용하여 문장을 완성하세요.

보기 тәжірибе, саласында, мүлдем, бағытында

1) Жезқазған-Шымкент _____ әуе рейсі ашылады.
2) Қазақстанда оқып жүрген кез мен үшін үлкен _____ болды.
3) IT _____ қандай шаралар атқарылды?
4) Ол шетелден _____ басқа адам болып оралды.

3. 아래 단어를 배열하여 올바른 문장을 만드세요.

1) уақытыңызда, бос, немен, сіз, айналысасыз?
_____
2) ол, шығар, жұмыспен, айналысатын, басқа
_____
3) артады, айналысатын, дейін, спортпен, адамдардың, үлесі, 53 пайызға
_____

쓰기 연습문제

4. 아래 문장을 한국어로 번역하세요.

1) Сіз ертең қаланы аралап көрмексіз бе?

_____

2) Ертең мен анаммен бірге Шымкенке бармақпын.

_____

3) Сен мектепке барғанда жаңалықты айтарсың.

_____

4) Мен Қазақстанға барсам, Жұмабекті көрермін.

_____

5. 괄호 안의 동사를 활용하여 <보기>와 같이 문장을 완성해보세요.

보기 Бұл біздің үйіміз → Бұл біздікі

1) Бұл олардың жұмысы → Бұл _____.

2) Бұл сіздің кітабыңыз → Бұл _____.

3) Бұл оның ескі теледидары → Бұл _____.

4) Бұл менің жаңа компьютерім → Бұл _____.

문화 들여다보기

Қазақ халқының салт-дәстүрлері

Қазақ халқының салт-дәстүрлері өте көп. Соның ішіндегі әлі күнге дейін кеңінен қолданылатын бірқатарына тоқталып өтейік:

Көрімдік. Қуанышқа ортастасқан кезде берілетін сый. Көрімдік сәби дүниеге келгенде, жас келін түскенде, мал төлдегенде, жаңа бұйым сатып алғанда, оқу орнын бітіріп, диплом алғанда сияқты қуанышты жағдай орын алғанда достары, туыстары, жақындары тарапынан беріледі. Қуанышты хабар айтқан адам көрімдік сұрай алады немесе қуаныш иесі оған өз қалауымен көрімдік береді. Мысалы, сәби дүниеге келген немесе жаңа келін түскен үйге "бауы берік болсын", "құтты болсын" деп айта келген адамдардан көрімдік сұрап, кейін ғана сәбиді не келінді көрсеткен. Бұрындары көрімдік ретінде ірі қара, жылқы, қой-ешкі беріп, үстіне шапан кигізген. Қазір көрімдікті ақшалай беру қалыпты іске айналды.

Бұйымтай. Қазақта қайтуға қамданған қонаққа алғыс айтып, «бұйымтайын» сұрайды. Бұл - қонақтың қалағаны немесе қандай шаруасы бар екенін білу деген сөз. Қонақ мұндайда келген шаруасын, яғни бұйымтайын айтады. Қонақ сөзін жерге тастамау, өтінішін орындау - қазақ үшін бұлжымас қағида. Бұндайда қазақтар үй қонағының көңілін қалдырмай, қалаған нәрсесін береді.

Сарқыт. Үлкен кісілер тойдан, қонақтан, айт мейрамдарынан үйіндегі бала-шағасына, келіндеріне кәмпит, құрт сияқты дәмнен алып келуі. Сол сияқты үлкен табақтан қалған етті «сарқыт» деп салып беріп, оны жастар «үлкеннің жолын берсін», «абыройын берсін» деген ниетпен жейтін болған. Сарқыттың қазақ халқында әлі күнге дейін ырымдық және дәстүрлік маңызы өте зор.

기타 관련 어휘

Академиялық алмасу бағдарламасы	교환학생 프로그램	Бастапқы деңгей	초급	Магистратура	석사
Жоғары оқу орны	고등교육기관	Орта деңгей	중급	Докторантура	박사
Дәріс	강의	Жоғары деңгей	상급	Оқу жоспары	학업 계획서
Курс	학년, 과정	Міндетті пән	필수 과목	Стипендиялық бағдарлама	장학 프로그램
Курсант	청강생	Транскрипт	성적 증명서	Кафедра	학과
Оқуға түсу	입학하다	Апостиль	아포스티유	Құжаттар бойынша іріктеу	서류 전형
Оқу ақысы	학비	Диплом	졸업장, 학위		
Оқу үлгерімі	학점	Бакалавр	학사		

집필

손영훈 (한국외국어대학교 중앙아시아학과 교수)

추영민 (한국외국어대학교 중앙아시아학과 강사)

감수

Abagan Akerke (알파라비카자흐국립대학교 교수)

Kabdelova Ulzhan (알파라비카자흐국립대학교 교수)

Kairat Zhadyra (구밀료프유라시아국립대학교 강사)

카자흐어 표준교재 B2 Қазақ тілі Оқулық B2

발행일 2024년 1월 31일

발행처 한국외국어대학교

발행인 박정운

기획 교육부 국립국제교육원 한국외국어대학교

국제교류협력부 송달용 부장 특수외국어교육진흥원 이은구 원장

외국어교육지원팀 김인희 팀장 특수외국어교육진흥원 김현숙 팀장

외국어교육지원팀 이경민 주무관 특수외국어교육진흥원 이미경 책임연구원

홈페이지 cfl.ac.kr

ISBN 979-11-91579-64-2 95790

과제번호 CFL-한국외-2023-카자흐-E-8

디자인 (주)지엔피링크

삽화 · 전자책 (주)지엔피에듀

• 이 책을 무단 복사·복제·전재하는 것은 저작권법에 저촉됩니다.

• 본 교재는 2023년 정부(교육부 국립국제교육원) '특수외국어교육 진흥 사업'의 지원을 받아 수행된 결과입니다.
(CFL-한국외-2023-카자흐-E-8)

책임운영기관
교육부
국립국제교육원

B2

Оқулық

Қазақ тілі

카자흐어 표준교재 B2

손영훈 · 추영민

Тіл - достықтың алтын көпірі.

Тіл - достықтың алтын көпірі.

전자책 뷰어

비매품/무료
95790
9 791191 579642
ISBN 979-11-91579-64-2 (EPUB2)

한국외국어대학교
HANKUK UNIVERSITY OF FOREIGN STUDIES
CFL 특수외국어교육진흥사업